

СОҚШАҚ

трошинка

№1 (108) ақпан 2024 жыл



Облыстық "Ақшақар 2024" жарысы



«Тәрбие төрт түрлі: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулықпен әдеп-құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны»

Мағжан Жұмабаев

ҚҰРМЕТТІ «СОҚПАҚ-ТРОПИКА» ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!



Жасөспірімдерді туристік-өлкетану және экологияны қорғауға тарту жолында педагогтар мен энтузиастардың бірлестігі болып табылатын басылым бетінде Сіздермен қауышқанымға қуаныштымын.

Журналдың туған жерімізге саяхатқа және салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудегі жұмысы орасан зор. Балалар туризмі жан-жақты тұлғаны қалыптастырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және өзін-өзі ұйымдастырудың, сондай-ақ адамгершілікке және физикалық төзімділікке тәрбиелеудің кілті болып табылады.

Айта кету керек, соңғы жылдары біздің елімізде туризмге ерекше назар аударылуда, бұл туристік индустрияның негізгі тұжырымдамалық бағыттарын қамтитын ауқымды және жүйелі құжатта көрсетілген.

Қазақстанның ең қуатты орындарының бірі және біздің ұлан-байтақ жеріміздің ең қуатты тұсы – Түркістан! Түркістан – бұл тарих, көптеген ілімдердің басы, халықты біріктірудің орталығы, ата-бабаларымыздың рухы және Ұлы Жібек жолы өткен Жарқын болашақ көпірі.

Осы киелі жерімізде Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті алғаш 2019 жылы президентіміз К. Тоқаев бастамасымен іргетасы қаланғалы, жобалар мен халықаралық меморандумдарды қоса алғанда, Қазақстанның туристік әлеуетін дамыту бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

Біздің бірлескен күш-жігеріміз елімізді туристер алдында жарқын әрі лайықты түрде таныстырып, олар үшін бай табиғи және мәдени-тарихи мұраларымызды кеңінен насихаттап, туризм болашағына жол ашатынына сенімдімін. Біздің Президентіміз ұсынған стратегиялар мен іс-шараларды іске асыру Қазақстанның туристік қалалары достастығындағы гуманитарлық кеңістікті тереңдетуге ықпал ете отырып, осы саладағы ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін береді. Осы орайда, біздің және сіздің ортақ мақсатымыз болып табылатын, «Қазақстан туризмі» атты «соқпақ жолымызда» журнал редакциясының кіші буын арасында атқарып келе жатқан кемел де, игі істері үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Ұстаздарымызға туризмге құмар оқушылар шеңберін кеңейтуді, ал журналдың барлық оқырмандарына ұмытылмас жаңалықтар мен туған өлкеміздің табиғатынан алар керемет әсерлерді шын жүректен тілеймін!

Түркістан Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректоры

**Адилова Культай
Ағытаевна**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
КҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№1(108), ақпан 2024 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кеңес мүшелері:

Жұмаев Мақсат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білібекұлы - п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д. «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭО-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТЖЭО-ның академигі

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Неталиева - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н.Х.Гатауов - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм бөлімінің
меңгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің
меңгерушісі

В.В.Мазуренко - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру
бөлімінің меңгерушісі

Немірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Карина Ж.М. - корректор

Қушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: tourizm07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 500 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,
Ақмола обл., Көкшетау қ.,

ӘДІСТЕМЕ - МЕТОДОЛОГИЯ

Даулетова Э.Е.

Shell Nxpplorers - болашақ ұрпақтың ойлау қабілетін дамыту
бағдарламасы.....2

Альмуханова Р. С.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған
туристік - өлкетанулық бағытындағы «Жас өлкетанушылар»
үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы.....4

ТУРИЗМ

Замалетдинов И.В.

«Не зная брода, не суйся в воду».....11

Шоманова Ж.С.

Еңбекшіқазақ ауданының туристік-экологиялық
маршруттары.....15

ӨЛКЕТАНУ

Әбілпейсов Ж. Т., Қайыржан А.

Ұлы даланың ұлық перзенті –
Жапарберді батыр19

Тупенова Б.А.

Әлия ерлігіне – 80 жыл.....26

МУЗЕЙТАНУ

Танабаева С.Е.

Ғасырлардан жеткен тәбәрік.....29

Кубиев О.Г.

Музей - өткен мен болашақты жалғастырушы.....33

Савина А.Ю.

Удивительное рядом.....36

ЭКОЛОГИЯ

Лазарева О.Ю., Запрометова А.В.

Выращивание хвойных растений на территории школы
с целью благотворного влияния на организм школьника ...39
Дауленова Ж.Т.

Қазақстанның жыл құсы.....41

СПОРТ

Панфилов П.Н., Мазуренко В.В.

Скандинавская ходьба, как средство воспитания ЗОЖ
на уроках физической культуры в школе44

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Кажғалиева Р. Н., Шакит А. С.

Тәуелсіз елім – Қазақстаным.....48

Бектыбаева С.Т.

Желтоқсан – тәуелсіздіктің бастауы.....50

Усағалиева А.З.

Өлкеміздің атауының өзгешелігі.....52

Челнокова М.М.

Туристическое мероприятие
«Вместе весело шагать».....56

Джумагазиев Ж.А., Неталиева К.Е.

Методика и организация туристско-спортивных
соревнований для детей первого года обучения.....59

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР

«Золотой компас-2023».....64



Shell NXplorers - болашақ ұрпақтың ойлау қабілетін дамыту бағдарламасы



ДАУЛЕТОВА
Эльвира Ерболатовна
Мичурин МББК-нің
география пәні мұғалімі,
Shell NXplorers тренері
Бәйтерек ауд., БҚО

Аңдатпа

Мақалада Shell NXplorers - болашақ ұрпақтың ойлау қабілетін дамыту бағдарламасы, NXplorers әдіснамасының 3 кезеңі, 5 ойлау және 12 зерттеу әдісі сипатталған. «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» STEAM жобасы арқылы білім беруде балалардың сыни және креативті ойлауын дамыту саласындағы жаңа тәсіл, міндеттерді өз бетінше шешу дағдыларын дамытудың ерекше жағдайлары туралы жазылған. Жұмыс қосымша білім беру саласына бағытталған.

Аннотация

В статье описаны Shell NXplorers-программа развития мышления будущих поколений, 3 этапа методологии NXplorers, 5 способов мышления и 12 методов исследования. Новый подход в области образования и развития критического и креативного мышления детей, навыки самостоятельного решения задач написаны об особых условиях развития мышления через проект STEAM «NXplorers: конкурс зеленого поколения». Работа ориентирована на сферу дополнительного образования.

Кілт сөздері: NXplorers әдіснамасы, концерт «Шелл», Shell NXplorers, «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» STEAM жобасы.

Қазіргі уақытта білім әлемінің дамуы кезінде оқушыларды сыни және креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатын NXplorers әдіснамасы арқылы жүзеге асыруға болады.

Shell NXplorers-туралы шолу:

Концерт «Шелл» — экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына сәйкес энергия тасымалдаушыларға өсіп келе жатқан жаһандық сұранысты қанағаттандыруға бағытталған интеграцияланған энергетикалық компания.

«Caravan of Knowledge» корпоративтік қоры. STEAM білім беру саласындағы стейкхолдерлер мен кәсіпқойларды біріктіреді. «Шелл» Қазақстан компаниясының тапсырысы бойынша «NXplorers:

Жасыл ұрпақ бәйгесі» жобасы іске асырылуда.

Shell NXplorers - болашақ ұрпақтың ойлау қабілетін дамыту бағдарламасы.

Білім беру және балалардың сыни және креативті ойлауын дамыту саласындағы жаңа тәсіл, міндеттерді өз бетінше шешу дағдылары «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» ТЕАМ жобасы арқылы ойлауды дамытудың ерекше жағдайы.

NXplorers әдіснамасының 3 кезеңі және 5 ойлау, 12 зерттеу әдісі бар.

1. «Байланыстар шеңбері» әдісі - зерттелетін проблемаға қатысты адамдар, элементтер немесе оқиғалар арасындағы байланысты анықтауға көмектеседі;




Shell
NXplorers

По заказу Шелл Казахстан



CARAVAN OF
KNOWLEDGE



2. «Әртүрлі пікірлерді бағалау» әдісі проблеманы түрлі көзқарастардан қарастыруға көмектеседі;

3. «Себеп-салдарлық тұзақтарды құру» әдісі жүйе ішіндегі себеп-салдарлық қатынастарды көруге көмектеседі;

4. «Сенімділік үшбұрышы» әдісі фактіні жалған ақпараттан ажыратуға көмектеседі;

5. «Сценарийлік жоспарлау квадранты» әдісі қолайлы болашақты таңдау алдында болашақтың әртүрлі ықтимал нұсқаларын зерттеу мақсатында сценарийлер құруға көмектеседі;

6. «Scammer» әдісі қолайлы болашақ идеяларын жасауға және жақсартуға көмектеседі;

7. «Компас» әдісі әрекеттер жоспарын жасауға көмектеседі. Ол мақсат қоюға, міндеттерді анықтауға және сіз жүзеге асырғыңыз келетін өзгерістерге жағдай жасауы немесе кедергі келтіруі мүмкін элементтерді қарастыруға көмектеседі;

8. «Жүзеге асушылық шұңғысы» әдісі жүзеге асуы мүмкін идеяларды анықтауға көмектеседі.

9. «Егер... онда...» тізбегін құру әдісі әрекеттер жоспары негізінде жатқан орындылықты түсіндіруге көмектеседі;

10. «Сендіру пирамидасы» идеяларды шешім қабылдаушыларға тиімді жеткізуге көмектеседі;

11. «Судағы шеңберлер әсері» әдісі сіз жүзеге асырмақ өзгеріс үшін домино әсерлерін анықтауға көмектеседі.

12. Уақыт өте келетін өзгерістер

Кез-келген пән мұғалімі күнделікті өздерінің қысқа мерзімді сабақ жоспарларына 12 зерттеу әдістерін пайдалана алады. Бұл бағдарлама арқылы мұғалімдер өздеріне төмендегідей мүмкіндіктер ала алады.

- Тегін әдістемелік оқыту курстарының сериясы;
- Балаларға арналған тренингті жүргізу технологиясы бойынша тренингтер және фасилитация ережелері;
- Бірнеше сертификат алу мүмкіндігі;
- Жобаға қосқан үлесі үшін алғыс хаттар;
- Өз сабақтарында әдістерді қолдану;
- Мектеп атынан шығып топтар жоба қорғау мүмкіндігі бар.

Shell NXplorers-кешенді міндеттерді өз бетінше шешу дағдыларына сыни және креативті ойлау құралдары арқылы оқытатын білім беру бағдарламасы болып табылады. Ол туралы төмендегі әлеуметтік желілерден толықтай біле аласыз: nxplorers.kz, [@nxplorers.kz](https://nxplorers.com/), <https://nxplorers.com/>

Nxplorers әдіснамасы

Жасыл ұрпақ бәйгесі

Бағдарламаның 3 кезеңі:

- Зерттеу
- Құру
- Өзгерту

5 ойлау тәсілі:

- Жалпы көріністі талдау
- Жалпы жағдайды талдау
- Пікірлерді талдау
- Келешекті талдау
- Өзгерістерді талдау

12 зерттеу әдісі

- Байланыстар шеңбері
- Пікірлер шеңбері
- Себеп-салдарлық ілмектер
- Сенімділік үшбұрышы
- Уақыт өте келе болатын өзгерістер
- Сценарийлік жоспарлау квадранты
- «Scamper» әдісі
- Жүзеге асыру шұңғысы
- Судағы шеңберлер әсері
- Сендіру пирамидасы
- «Егер...онда...» тізбесі
- Компас әдісі



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған туристік - өлкетану бағытындағы «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы



АЛЬМУХАНОВА
Райгул Сағналиевна
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
өлкетану бөлімінің меңгерушісі,
педагог-модератор,
Орал қ., БҚО

*Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.
Хаттама № 4 29.10.2021 жыл*

Рецензенттер: С.Ш. Рамазанов М.Өтемісов атындағы БҚУ география кафедрасының доценті, г.ғ.к.;
Ф.С. Сарсенғалиев - тарих ғылымдарының магистрі, ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-гі, педагог-шебер.

Аңдатпа

Бағдарлама ерекше білімге қажеттілігі бар 5-11 сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама қосымша білім берудегі туристік-өлкетану қызметі арқылы оқушының тұлға ретінде жан-жақты дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне бағытталған. Эксперименталды бағдарлама оқушыларға, қосымша білім беру педагогтарына, әдіскерлерге арналған.

Аннотация

Программа рассчитана на учащихся 5-11 классов с особыми образовательными потребностями. Программа направлена на развитие туристско-краеведческой деятельности в дополнительном образовании, всестороннее развитие учащегося как личности, адаптацию к социальной среде. Экспериментальная программа предназначена для учащихся, педагогов дополнительного образования, методистов.

***Кілт сөздері:** ерекше білімге қажеттілігі балалар, эксперименталды бағдарлама*

Түсінік хат

«Жас өлкетанушылар» туристік-өлкетанулық бағытындағы бағдарламасы қосымша білім мен тәрбие алатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған.

Бағдарлама мазмұндық, тақырыптық бағыты бойынша: туристік-өлкетанулық, функционалды қолданысы бойынша оқу-танымдық, іске асырылу мерзімі бойынша: үш жылдық, ұйымдастыру түрі бойынша: үйірмелік болып табылады.

Бұл бағдарлама қосымша білім беру жүйесінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар туристік және өлкетану қызметі әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне, физикалық

жетілуіне, моториканы және жеке психологиялық қасиеттерді дамытуға бағытталады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар – денсаулығына байланысты білім алу-да тұрақты немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларына мұқтаж оқушылар. Бұл көру, есту және сөйлеу қабілеті, интеллектісі бұзылған, психологиялық, медициналық, педагогикалық және әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар.

Оқушыларға өлкетану бағытында бағдарламаны құрастыруға өз іс-тәжірибемді қоса отырып,

Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (27.07.2007, №319-III, 01.01.16 ж) 37-бабы «Қосымша білім беру» нұсқауы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №525 бұйрығы ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерінен (01.10. 2018 ж), Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (12.04.2017) және «Ұлы даланың жеті қыры» (21.11.2018 ж) мақаласы мен оқулықтар басшылыққа алынды.

Балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығында қабылданған оқу жоспарының тұжырымдамасына сәйкес үйірме бағдарламасы 288 сағатқа есептелген. Үйірме сабағының ұзақтығы 2 академиялық сағат, жұмасына 3 рет болады. Үйірмеге 11-17 жас арасындағы 6 оқушы қамтылады. Бағдарламадағы оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру күнтізбелік оқу жылына қарастырылған. Өлке тарихымен таныстыра отырып, туризм және өлкетану негіздерін үйрету, мәдени орындарға экскурсия жасау. Оқу жылының аяғында қорытынды жорық, экспедициялар ұйымдастырылады.

Бағдарламаның өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік және психологиялық дамуына жағдай туғызады.

Бағдарламаның жаңашылдығы - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды белсенді қозғалыс арқылы білімдерін кеңейте отырып қоғамға бейімдеу, туристік – өлкетанулық білімдерін қалыптастыру. Оқушылардың бойында ІТ сауаттылықты дамытуға байланысты кейбір бекіту тапсырмалары арқылы қарастырылған.

Бағдарламаның мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды белсенді өмірге бейімдеу, ерте жастан кәсіби бағдарлау.

Оқыту мақсаты: өлкетанулық білімдерін және туристік біліктіліктерін арттыру, жеке тұлға ретінде қалыптастырып, қоғамға бейімдеу.

Тәрбие беру мақсаты: оқушыларды азаматтылық және отансүйгіштікке тәрбиелеу, қоғамдық құндылықтарға және жеке маңызды мақсаттарына қол жеткізуге баулу. Әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамыту, көру қабілеті бұзылған балаларды жергілікті өлкетану материалдарын игеру процесінде шығармашылық әлеуетін дамыту, туристік-өлкетану қызметі арқылы ынталандыру.

Даму мақсаты: ерекше балалардың белсенділігін арттыру арқылы туристік-өлкетанулық білімдерін дамыту, ойлау қабілеттерін шыңдау.

Бағдарламаның міндеті:

- Денсаулығына байланысты мүмкіндігі

шектеулі өмірлік кеңістігін кеңейту;

- Балалармен туристік тұрмыс және дағдыны игеру, біліктіліктерін арттыру;
- Еңбекқорлыққа бейімдеу;
- Белсенді өмірге бейімдеу, жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыруда туризмнің маңыздылығын арттыру;
- коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- Туристік техника дағдыларын және физикалық дайындық деңгейлерін дамыту.

Бағдарламаның негізгі концепциясы: Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына сүйеніп жасақталған. Жалпыұлттық құндылықтарды тереңдетуге мән бере отырып, рухани саланың түпкілікті түрлендіруді болжайды. Бағдарламада көрсетілген басты бағыттарын: «білімнің салтанат құруы», «бәсекеге қабілеттілік», «ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыттары негізге алынды.

Осы қасиеттер мен құндылықтарды балалардың санасына сіңіріп, білімдерін толықтыру.

Бағдарлама профильді модульден, ал модуль – тематикалық блоктардан тұрады. Педагог бірнеше жылға берілген тақырыптар бойынша материалды толықтырып, жаңартып отырады.

Бағдарламаның модулі – әрбір модульге бөлу пәнаралық байланыс болады. Материал жүйелі беріліп, оқушылардың өздігінен ізденуіне жол ашып, шығармашылығын дамытады. Олар өзекті мәселелерге шешіп, туристік-өлкетанулық оқулықтармен танысып, тапсырмаларды орындайды. Бағдарлама жыл сайын біртіндеп, күрделене түседі.

Негізгі идеясы - туристік-өлкетанулық тәрбие беру арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қоғамды өзін еркін ұстауға, ұлттық рухымызды бойына сіңіре отырып, патриотизмге тәрбиелеу. Білімдерін толықтырып, танымдық қасиеттерін дамыта отырып, жаңашылдыққа бейімдеу. Жорықпен экспедицияларға, экскурсияға шығу арқылы біліктіліктерін арттыру.

Жалпы топ туралы түсінік

Туристік-өлкетанулық бағыттағы біліммен тәрбие алатын топқа ерекше білім беру қажеттіліктері бар 11-17 жастағы балалар психологиялық және физикалық дамуын ескере отырып алынуы тиіс. Кейіннен жыл бойы өзгеріс болуы мүмкін. Үш жылдан соң ұйымшыл туристік топ қалыптасады.

Бағдарламаның құрылымы: берілген бағдарлама

педагогтың жүктемесіне сәйкес, педагогтың тәжірибесіне сүйене отырып, негізгі блокты модульден тұрады. Бағдарлама 3 негізгі: базалық модуль (Базис), негізгі модуль (профиль) және қосымша модуль (жүктеме) және тематикалық блокқа бөлінеді.

Базалық модуль

Туристік-өлкетану бағдарламасының мазмұны оқулықтардан, мұрағаттық және жазба дереккөздерден, туған өлкенің тарихы, мәдениеті, географиясы мен әдебиеті туралы оқулықтардан алынған материалдардан тұрады. Тәрбиені білім бере отырып, қауіпсіздік негіздеріне аса мән берген жөн.

«Тарихы терең туған өлкем», «Өлкетанулық зерттеулер» – тарауларында алғашқы жалпы өлке тарихына шолу жасап, рухани құндылықтар қамтылған. Ал «Туған өлке маршруттары, тарихи орындары және киелі ескерткіштері» – тарауында тарихымыздағы батырлар жеңіске жеткен шайқас орындары, ортағасырлық қалалар, түркі дәуіріндегі киелі жерлер - тарихымыздың негізін құрайды. Қазақ халқының тарихи тұлғалары, озық ойлы қайраткерлермен таныстыру.

Жорыққа туристік тәжірибесіз шығуға болмайды, сондықтан «Туризм әліппесі» тарауларында жалпы туризм негіздері туралы түсінік берілсе, одан әрі туризм түрлерімен тереңірек танысып, техникасымен тактикасына тоқталамыз. Сонымен қатар «Экология» тарауында жас өлкетанушылардың экологиялық сауаттылығына аса мән берілген. Өлкетану мен экологиялық зерттеулер жүргізу оқушылардың білімдерін толықтырады. Батыс Қазақстанның табиғатымен географиялық ерекшеліктерімен, флорасы мен фаунасымен, қызықты деректермен таныс болу.

Табиғи ортада бағыт-бағдарды анықтау, жергілікті жерді бағдарлау біліктілікті қажет етеді. «Бағдарлау және топография» тарауларында тереңірек таныстырылады. Жыл сайын осы бөлімдер күрделене түсіп, оқушыларды өлкетанулық зерттеу жұмыстарына баулып, туристік біліктіліктерін толықтырады.

Бағдарлама негізгі өлкетанулық зерттеу жұмыстарын ерекше балалардың мүмкіндігін ескере отырып, аса күрделендіріп тартымсыз қылмай, табиғи ортада оқушыны қызықтыра отырып, тәжірибе, зерттеу жүргізуге баулу.

Байқауларға, жарыстарға қатыстырып, нәтижеге қол жеткізу. Осы мақсатта қалалық, облыстық, республикалық байқауларға, жарыстарға қатыстыру.

Бағдарламаны жүзеге асыру жағдайы

1. Педагог тәжірибесі. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін педагогтың осы салада білімі мен тәжірибесі болуы қажет. Біліктілігімен білімділігі қатар жүріп, психологиялық жағынан дайын, ерекше балалармен жұмыс жасау тәжірибесі, курстардан өткен сертификаты болғаны жөн. Жорықты ұйымдастыру үшін біліктілігі жөнінен 1 категориялы жорыққа өзі қатысқан, жорықты басқаруды және ұйымдастыруды білуі тиіс.

Материалдық, техникалық және оқу-әдістемелік базасы

Оқу процесін жүзеге асыруда бағдарлама модулінен сәйкес құралдар мекемеден қамтамасыз етілуі қажет. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін топпен жұмыс жасауға арналған жеке және топтық туристік құралдар қажет. Оқушылар мекеменің құралдарын пайдалануға және болашақта жеке құралдарды жағдайларына қарай сатып алуға болады. Осы құралдардан басқа топографиялық үлестірме құралдары, медициналық, зерттеу жұмыстарының құралдары, туристік түйіндерді байлауға арналған стенд, жіптер, сақтандыру құралдары т.б топқа арналған көрнеліктер болған жөн. Сыныпта көрнекілік ретінде фотосуреттер, видеоматериалдар, жорық есептері, жарыспен экспедициядағы суреттер, жетістіктерін іліп қоюға болады.

Техникалық құралдар

Жарысқа немесе жорыққа қажет фотоаппарат, бейнекамера, диктофон қолданылады. Олар болмаған жағдайда заманауи смартфонды пайдалануға болады. Сабақ барысында жорық, экспедиция күнделігімен, бейнероликтерді қарауға болады. Әрине дербес компьютер болса оның көмегімен зерттеулердің қорытындысын электронды жүргізіп, жорық экспедиция есебін жазуды оқушыларға үйретуге болады.

Қаржыландыру

Көптеген шаралар, жорықпен экспедиция ұйымдастыру білім басқармасының қаражатынсыз жүзеге аспайды. Сондықтан педагог алдын - ала жоспарлы мекемеге өтініш береді. Сонымен қатар демеушілер көмегіне сүйенуге болады.

Бағалау критерийлері

Педагогтың бағдарламаны нәтижелі жүзеге асыруда төмендегі нәтижелерден көруге болады:

- Оқу жылдарында оқушы контингентін сақтап қалу (10 пайызға ғана өзгерсе);
- байқаулармен жарыстарда оқушылардың жетістігінің өсуі;
- мектеп бағдарламасында оқу пәндерінен жақсы нәтижеге қол жеткізуі;
- тәрбиеленушілердің туризм саласында

кәсіптерін таңдап, жұмыс жасауы.

Қорытынды бағалау әдістері

Оқушылардың білімдерімен біліктіліктерін анықтау мақсатында қорытынды жарыстар мен байқаулар өткізіледі.

Бірінші базалық курсты аяқтаған соң оқушылар өлке тарихымен танысып, жорық маршрут ауданын таңдауға бейімделеді. Жорықта өз міндеттерін бөлісіп, өлкетанулық зерттеулер жүргізуді үйренеді.

Оқушыларға өздері таңдаған тарихи орындарға жорық маршрутын жасақтауға, міндеттерін (эко-

лог, өлкетанушы, турист, командир т.б.) жауапты атқарып, өздіктерінен жұмыс жасауға мүмкіндік беру. Педагог сырттай бақылаушы болады. Жалпы өлкетанулық семинар өткізіп, зерттеу аймағымен таныстыру. Кітапхана, мұрағаттарда жұмыс жасау. Іздестіру-зерттеу жобасын дайындау және қорғау.

Туристтік біліктіліктерін, өлкетанулық білімдерін үйірмешілік, қалалық, облыстық жарыстардың қорытындысынан байқауға болады. Оқушылар психологиялық және физикалық жағынан дайын болуы қажет. Осы айтылған ұсыныстар туристік-өлкетанулық қызметтегі іс-тәжірибемнен алынды.

**Тақырыптық оқу жоспары
Бірінші оқу жылы**

№	Мазмұны	Жалпы сағат саны		
		теория	семинары	практика
1	2	3	4	5
Блок 1 Кіріспе 10 сағат		4	1	5
1.	Туризм және өлкетану туралы түсінік беру. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі идеясы.	2		
2.	Үйірмешілердің психо-педагогикалық және медициналық диагностикасы.	2		
3.	Жалпы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.		1	1
4.	«Балалар туризмі тарихы музейіне» экскурсия.			4
Блок 2 «Тарихы терең туған өлкем» 42 сағат		9	5	28
1.	Батыс Қазақстан облысының тарихы. Туған өлкенің жылнамасы.	2	2	2
2.	Туған өлкенің аңыз-әңгімелері	1	1	4
3.	Топонимдер - өткен заманның куәгерлері	1	1	6
4.	Бір ел - бір тағдыр (Қазақстан халқы Ассамблеясына экскурсия).			4
5.	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық өнері.	2		2
6.	Жәдігерлер сыр шертеді (Өлкетану музейіне экскурсия).			4
7.	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер мен батырлар.	2		2
8.	Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада.	1	1	4
Блок 3 «Өлкетанулық зерттеулер» 38 сағат		8	4	26
1.	Тарихи ескерткіштерді оқып-тану. Қала көшелерінің тарихы.	2	2	4
2.	«Көне Орал» қала ішіне экскурсия.			4
3.	ҰОС-ы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы.	2	2	4
4.	Батыстың батыр қыздары	2		4
5.	Батыс Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. М.Маметова атынд. мемориалдық музей-үйіне экскурсия			4
6.	Іздестіру-зерттеу жұмыстары. Шығармашылық тақырыптармен жұмыс.	2		6

Блок 4 «Туризм әліппесі» 12 сағат		2	-	10
1.	Туризмнің түрлері	1		1
2.	Туристтік құрал-жабдықтармен танысу. Топтық жабдықтар және олардың күтімі.			2
3.	Туристің жеке гигиенасы. Жеке жабдықтар және олардың күтімі.	1		1
4.	Жіп байлау түрлері.			2
5.	Алаудың түрлері.			2
6.	Шатырларды құру.			2
Блок 5 «Экология» 12 сағат		4	2	6
1.	Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, климаты.	1	1	2
2.	БҚО-ның экологиясы.	1	1	2
3.	Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.	2		2
Блок 6 «Бағдарлау және топография» 10 сағат		4	-	6
1.	Жергілікті жерде бағдарлау, негізгі түсініктері.	1		1
2.	Компаспен және картамен жұмыс. Компаспен бағдарлау.	2		2
3.	Азимутты анықтау және азимутпен жылжу. Жергілікті жердегі арақашықтықты анықтау.			2
4.	Топографиялық шартты белгілер.	1		1
Блок 7 «Туған өлке маршруттары, тарихи орындары» 20 сағат			2	18
1.	Туған өлке маршруттары. Батыс Қазақстанның киелі орындары.		2	6
2.	Жорыққа дайындық жұмыстары. Жорыққа шығу.			8
3.	Жорық есебі. Қорытынды жарыс ұйымдастыру.			4
	Барлығы	144 сағ		

Блок 1 Кіріспе 10 сағат

Кіріспе. Үйірме оқушыларын жинақтап, бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндетімен таныстыру. Туризмнің даму тарихы мен өлкетану туралы түсінік беру. Өлкетану - белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы, шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттейді.

Туған өлкені зерттеуші саяхатшыларымен, туристерімен танысу. Қазіргі таңдағы туризмнің даму қарқыны. Қоршаған органы тани отырып адам ағзасын сауықтыруға, қоршаған әлем мен өзін-өзі тануға, өмірге және еңбекке баулиды. Әрдайым туризмге, жорықтарға қатысу оқушылардың патриоттық сезімін оятып, өз өлкесінің тарихымен танысып, ортада беделді болуға бейімдейді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі

идеясымен таныстыру. Мақаладағы басты рухани құндылықтардың мазмұнын және тәрбиелік мәнін баяндау.

Жалпы қауіпсіздік шараларымен таныстыра отырып, оқушылардың қызығушылығына қарай міндеттерін бөлу. Туристтік міндеттер. Туристтік серуен, жорықтар кезіндегі қоғамдық тапсырмалар, өлкетанулық-танымдық және зерттеу жұмыстары. Жарыстарға, экскурсияларға әзірлік жұмыстары.

Туристтік шаралар және өлкетанулық шараларға қатысу. Оқу сыныбында және спорт залдағы, далалық аймақтағы және оқу-жаттығу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Туристтік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, маршруттағы, көліктегі, алау басында және отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристтік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыруды орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Оқушыларға жалпы туристік-өлкетану үйірмесі туралы түсінік беру мақсатында орталықта

орналасқан «Балалар туризмі тарихы» музейіне экскурсия жасау.

Блок 2 «Тарихы терең туған өлкем» 42 сағат

БҚО - мәдени және тарихи дәстүрі тереңге тамыр жайған өлке. Облыс тарихын түрлі тарихи дереккөздерге сүйене отырып, бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз.

Батыс Қазақстан өңірі - қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс Қазақстан аймағы. БҚО-ның ежелгі тарихы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, БҚО Ресей империясы құрамында, Бөкей хандығы, БҚО кеңес өкіметін орнату және азамат соғысы, БҚО-ны Ұлы Отан соғысы жылдарында тақырыптарында қысқаша мәлімет беру.

Батыс Қазақстан облысы — Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахань, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі. Облыс 1932 ж. 10 наурызда Орал облысы болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 624 мың адам (2014). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. БҚО-ның географиялық жағдайымен, климатымен, гидрографиясымен, Жайық өзені, топырағы, өсімдігімен, жануарларымен қысқаша таныстыру. Өз беттерімен жұмыстануға тапсырмалар беру.

Қазақ халқында «Аңыз түбі - ақиқат» деген даналық сөз бар. Әр өлкенің, әр өңірдің, әр ауылдың қариялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғаған, жергілікті жерлердің тек өзіне ғана тән аңыз әңгімелерінің болуы-табиғи заңдылық. Аңызға айналған - Аққұм. «Қыз әулие» бұлағы. Сырым мен Нұралы хан т.б аңыздармен танысу.

Ұлттық қасиетіміз бен намысымызды оятқан, әлемге қазақтың танылуында, бостандық пен еркіндіктің бастауында қазақ халқы үшін әйгілі билеріміздің, батырларымыздың, балуандарымыздың орны ерекше болған. Ел намысын қорғаған Әйтеке Байбекұлы, Төле би, Қазыбек билермен және жауынгер серіктері Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек сынды батырлармен

таныстыру.

Топономика туралы түсінік. БҚО-ның топономикасы. Аудандар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу, материалдар жинақтау. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Оқушыларға мұрағаттан альфавит бойынша материалдар жинақтауды тапсыру.

Облыс аймағынан археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік әшекейлер өңіріміздегі халықтық өнерінің тарихымен таныстыру.

БҚО өзінің терең тарихымен ғана емес, көпұлтты халқымен де ерекшеленеді. Облыс халқының басым көпшілігін қазақтар құрайды. Сонымен қатар өңірімізде 90-ға жуық ұлттың өкілдері тұрады.

Батыс Қазақстан облысының халқы ассамблеясына экскурсия ұйымдастыру.

Өлкеміздің ақын жазушыларымен танысу, шығармашылығымен жұмыстану (Қ.Мырзалиев, Х.Есенжанов, А.Бақтыгереева, Ж.Молдағалиев т.б.). Қала кітапханаларына және облыстық өлкетану музейіне экскурсия ұйымдастыру.

Блок 3 «Өлкетанулық зерттеулер» 38 сағат

Оқушыларға өлкеміздің танымал адамдары туралы іздестіру жұмыстарын тақырыптарын бөліп беру. Зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету.

ҰОС-ы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан-Сталинград майданының жақын тылы.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі совет халқының қаһармандық ерлігі жан-жақты және сансалалы. 1942 жылы 22 қазанында Сталинград майданының тылдық шекарасы мынадай еді. Оң жақ қанаты-Дон майданымен, Орал қаласы-Орбық, Быково, Дубовна, Вертячий селоларымен, солдан – Атырау, Астрахань қалаларымен, Ұзынкөл, Муасәлжі станцияларымен, майдан тылы-Орал қаласы, Жайық өзенінің оң жақ сағасы, Атырау облысының шекарасымен шектелді. Сталинград майданына - Орал – Орбық – Красный Кут – Верхний Басқұншак – Паромная темір жол станциялары арқылы жүк тасылды. Батыс Қазақстандардың майдан мен тылдағы қажырлы ерлігі жауды талқандауға өзінің қомақты үлесін қосты. Олардың көпшілігі Советтер Одағының ордендері мен медальдарымен марапатталды.

ҰОС жылдарында Орал өңірінің 39 жауынгері Кеңес Одағының батыры, ал 6 жауынгер жерлесіміз Даңқ орденінің толық иегерлері атанды. Тарих сахнасында ғасырлар бойы азаттық

үшін аттан түспеген, халқын жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша жауға қарсы тұра білген небір батырлар мен арыстардың болғаны белгілі. Солардың қатарында батырлығымен әлемді таңқалдырған қазақтың батыр қыздарының есімдері де ескерусіз қалған жоқ. «Ұлы Отан соғысына қатысқан БҚО-ның қазақ қыздары» тақырыбында ізденіс жұмыстарын жүргізу. Оқушылардың отбасындағы жауынгер аталары туралы деректер жинақтау. «М.Мәметова атындағы музей-үйіне экскурсия.

Блок 4 «Туризм әліппесі» 12 сағат

Туризм және түрлеріне түсінік беру. Туристік ұжымның топтың ережелерімен заңдылықтары. Туристің жалпы физикалық дайындығына тоқталып өту.

Туристердің туристік жорыққа арналған жеке құрал-жабдықтары. Киімге және аяқ киімдерге талаптар: спорттық костюм, күртеше, шалбар, жеңіл күртеше, бас киім, аяқ киім т.б. Жеке ыдыстар, гигиеналық заттар, каримат, ұйқы қапшығы, жолқапшық, шаңғы, шаңғы таяқтары, шаңғы бәтеңкесі. Арнайы жарыстарға арналған туристік құрал-жабдықтар: қолғаптар, бас киім, аяқ киім оның талаптары.

Туристік тұрмысқа бейімдеу мақсатында шатыр құруға және жинауға оқушыларды баулу. Жеке және топтық құрал-жабдықтарды жинақтап дайындау. Саяхат ауданына, жыл мезгіліне және ауа райына, жылыну кезінде, саяхаттың ұзақтығына байланысты топтық жарақтар және жолдорбалар түрлері. Жорық төсеніштері, шатырлар және оларды құруға арналған қазықтар мен қазықшалар. Туристік бивуак-туралы түсінік беру.

Жорықтағы тамақ дайындауға арналған негізгі азық-түліктер. Туристік топтың ас мәзірі. Кезекші аспаздар және олардың міндеттерін таныстыру.

Жіп байлау түрлері: булинь, брамшкоттық, түзу, академиялық, қазықбау, ұстасу, сегіздік т.б. жіптердің байлануы мен қолданылуы.

Алаудың түрлері және олардың маңызы: жұлдызша, шалаш, құдық, тайгалық, нодья т.б. Алау жағудағы қауіпсіздік шарттарымен таныстыру.

Блок 5 «Экология» 12 сағат

Оқушылардың экологиялық көзқарасын, санасын және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, экологиялық сауатты және мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу. Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, климатымен экология-

сымен таныстыру.

Блок 6

«Бағдарлау және топография» 10 сағат

Жергілікті жерді бағдарлау. Бағдарлау және туристік карталармен жұмыс. Табиғат белгілеріне қарап, жергілікті заттар бойынша бағыттарды анықтау.

Түсбағдар құрлымы және оның жұмысы. Түсбағдардың түрлері. Түсбағдармен картаны бағыттау. Азимутты анықтау.

Топографиялық шартты белгілермен танысу. Мектеп алаңы, ауданы және жақын жердегі нүктелер. Мектеп, кабинеттер, мектеп ауласы, мектепке жақын көшелердің аттары, мекемелер, тарихи орындар т.б. шағын ауданның жоспарсызбасын шартты белгілермен белгілеу. Мектеп ауданында экскурсия жасау, түрлі құрылыстарды картаға түсіріп отыру.

Блок 7

«Туған өлке маршруттары» 20 сағат

БҚО-сы бойынша тарихи-өлкетанулық маршруттар құрастыру және картасын сызу.

Өлкенің тарихи-мәдени орындарымен таныстыру. Жайық (Теке) қаласы, «Бөкей Ордасы» тарихи музей-кешені, Тақсай қорған кешені, Жұмағазы хазірет, Ғұмар Қараш зираты кіреді.

Жорыққа дайындық. Жорыққа әзірлік жоспарын құру. Саяхатқа баратын ауданымен таныс болу. Әдебиеттермен карталарды іріктеу, туризмнен жасөспірімдер спорттық разрядтар нормаларын танысу. Жорық ұзақтығын есептеу, шығын сметасын құру, жеке және топтық құралдарды жинақтау. Топтағы міндеттерге бөлу. Жетекші маманнан ақыл-кеңес алу.

Белгіленген маршрут бойынша 1 күндік жорық ұйымдастыру. Бақылаулар бойынша жорық есебін жазу. Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылап, бейнеролик жасақтау. Үйірмешілік жарыстарға қатысу.

Бірінші оқу жылын аяқтаған соң оқушы білуі қажет:

- туристік-өлкетанулық түсінік қалыптастыру;
- өлкеміздің тарихымен және табиғи ерекшеліктерімен танысу;
- өлкеміздің көрікті жерлерімен және тарихи-мәдени орындарымен танысу;
- туристік техника негіздері;
- бағдарлау және топография;
- алғашқы медициналық көмек бере білу, жалпы қауіпсіздік шаралары, туристік тұрмысты ұйымдастыра білу.

(Басы, жалғасы келесі санда)



«Не зная брода, не суйся в воду»



ЗАМАЛЕТДИНОВ
Ильдар Валиуллович
Заслуженный путешественник России,
учитель, педагог,
мастер спорта по туризму
Республика Татарстан,
г.Казань, РФ

Аннотация

Статья адресована начинающим педагогам, учителям ведущих занятия с детьми по туризму. В статье предлагается полезная информация о применении гимнастических снарядов, имеющихся в школьных спортзалах при проведении занятий с юными туристами по преодолению условных водных преград. Занятия обеспечивают занятость ребенка полезным делом, приучают к дисциплине, развивают волевые качества. В основе данной работы лежит опыт работы с детьми при подготовке их к походам.

Аңдатпа

Мақала жасаңдан бастаған мұғалімдерге, балалармен туризм сабақтарын жүргізетін мұғалімдерге арналған. Мақалада шартты су кедергілерін еңсеру үшін жас туристермен сабақ өткізу кезінде мектеп спорт залдарында гимнастикалық снарядтарды қолдану туралы пайдалы ақпарат ұсынылған. Сабақтар баланы пайдалы іспен қамтуды қамтамасыз етеді, тәртіпке үйретеді, ерікті қасиеттерді дамытады. Бұл жұмыстың негізінде балалармен жорықтарға дайындық кезінде жұмыс тәжірибесі жатыр.

Ключевые слова: жерди, брусья, скамейка, бревно, прыжки, шест, конь.

Мне на себе с детьми пришлось испытать опасность, трудность и сложность организации переправ через водные преграды, одного из коварных препятствий, будь то широкая или узкая река, ручей. Не следует думать, что одолеть брод – дело простое. Народная заповедь «не зная брода, не суйся в воду» должна стать туристским законом. В основе данной работы лежат десятки статей о собственном опыте работы с детьми в гимназии №155 г.Казань. Новизна заключается в том, что по преодолению водных преград в походах, отсутствует учебная литература. Совершив около сотни походов со школьниками в разные годы набрался материал по подготовки детей к преодолению водных преград в условиях школьного спортзала, который мог бы принести пользу педагогам и учителям. Не секрет, что однообразие средств и методов работы с детьми

порождает скуку, снижает интерес к туризму, тормозит рост спортивных результатов. Многие педагоги мечтают проводить их интересно и содержательно. Но для этого необходимо иметь большой запас средств и форм проведения всех частей занятий. Старая поговорка: «Кто учит молодых, тот готовит будущее» - особенно верна по отношению к педагогам. Необходимо передавать свой опыт молодым педагогам. Поэтому счел себя обязанным написать эту статью. Преодоление трудностей в путешествиях требует воли, которая закаляется в преодолении трудностей вовремя, обще физической подготовке (далее ОФП). Эта статья – не учебник, а работа с юными туристами в условиях школьного спортзала в период подготовки к походам. В работе с детьми достижения спортивных результатов невозможно без постоянной ОФП. Критически настроенные пе-

дагоги, возможно, найдут в моей статье спорные или недостаточное количество разнообразных упражнений при подготовке к преодолению водных препятствий. Подумав, что приведенные в систему эти публикации, могут стать полезными для педагогов, начавших работать в этом направлении и желающих больше узнать. Буду очень рад, если мой опыт (50 лет педагогического стажа) поможет в организации и проведении занятий, особенно начинающим педагогам. Я не призываю слепо копировать мою работу с детьми, но некоторые моменты можно использовать. Следует подчеркнуть, что описаны лишь те формы организации занятий, которые прошли проверку практикой в течение многих лет. Еще заметил, что большинству обучающихся нравится выполнять сложные двигательные действия. И показав сложное упражнение, обязательно даю все подготовительные задания в порядке их усложнения. Затруднения в освоение идут от малого багажа двигательных навыков.

Нет, очевидно, ни одного школьного спортивного зала, в которых не было бы стандартных гимнастических снарядов (скамейки, бревно, брусья, перекладина, конь, козел, гимнастическая стенка, шест, канат, маты). Использование гимнастических снарядов, обучению детей техники туризма, не является новой. Однако в имеющейся литературе, способам обучения и подготовки детей переправам, в школьном спорт зале не обнаружено. На основании опыта организации переправ с детьми встречающихся в пеше-горных маршрутах, были разработаны упражнения на гимнастических снарядах. Использовать эти снаряды можно во время занятий, они просты и доступны, всегда под рукой и, что немаловажно, почти не травма опасны. Надо иметь в виду также и то, что осязаемое воздействие на совершенствование функции равновесия, развитию вестибулярного аппарата, баланса могут оказать лишь упражнения, представляющие для детей определенную трудность. Опыт обучения детей показал, что основной задачей первого года обучения является ОФП, закаливание их организма, а также начальное освоение техники туризма. Снаряды доступны, возможность моделировать препятствия (высота), количество упражнений, дозировка, возрасту и уровня подготовки. Сначала эти упражнения изучают на полу и только после этого переходят к выполнению на гимнастической скамейки, бревне, брусках. Приведенные упражнения в целом довольно просты и не требуют, за некоторым исключением, никого дополнительного оборудования (веревка, альпеншток). В целом же специальные двигательные задания не должны вызывать большого напряжения и, по возможности, проходить эмоционально. Важная задача



обучения состоит в том увлечь юных спортсменов, ибо только увлеченность может стать прочной основой всех успехов. У детей должна быть постоянная потребность заниматься туристско-краеведческой деятельностью, а это зависит от того, умеет ли педагог наладить разнообразные и интересные занятия, отвечающие ожиданиям занимающихся.

Занятия в спортзале имеют важное преимущество: они дают эмоциональную разгрузку, вносят разнообразие в учебный процесс, благоприятно сказываются на укреплении здоровья и физическом развитии школьников, более интересны в конечном счете способствуют росту мастерства. В то же время туризм - это сложный вид спорта, требующий овладения множеством общих и специальных знаний, умений и навыков. Упражнения на равновесие способствуют развитию ловкости и координации движений, решительности, формируют правильную осанку у ребенка. Правильная координация движений развивается у детей постепенно, в процессе совершенствования функций вестибулярного, мышечного и зрительного анализаторов, которыми управляет центральная нервная система.

Совершенствованию координации способствует выполнение специальных физических упражнений в статических и динамических положениях. К статическим упражнениям относят сохранение равновесия в определенной позе: приседание на носках, стойка на одной ноге и другие. К динамическим упражнениям – относится: ходьба по скамейке, бревну, жердям брусков изменение направления во время бега, внезапные остановки в подвижных играх. А также упражнения спортивного характера, такие как: катание на коньках, лыжах, велосипеде. Среди множества упражнений, используемых в процессе занятий физическим воспитание, заметное место занимают упражнения с преодолением разнообразных препятствий. Подбирать их желательно так, чтобы они способствовали лучшему усвоению материала основной части занятий. Игровые упражнения на занятиях являются наиболее действенным средством разностороннего развития детей. Главная особенность игровых заданий на гимнастических

снарядах, альпенштоком и веревкой (скакалка) состоит в том, что они свойственны ребятам, принимаются ими с радостью, проходят с большой отдачей энергии и на высоком эмоциональном уровне. Все это раскрывает перед педагогами безграничные возможности управления инициативой ребят, воспитанной воли, направленной на достижения конкретных целей. Желательно вводить оценки исполнения игровых упражнений. Их следует выставлять конкретным спортсменам в определенных условиях в целях последующего улучшения результатов. Контрольные нормативы, зачеты помогают определить уровень готовности юных туристов, выявить их слабые стороны. Результаты «зачетов» живо интересуют занимающихся, повышают их активность на занятиях, делают их более устремленными. Норматив всего лишь ориентир, но он помогает развитию главных качеств и умений. Игры прививают участникам вкус к борьбе за достижение цели, умение приходить на помощь при любых обстоятельствах и даже рисковать в случае необходимости. Кроме того, эти игры учат размышлять, комбинировать, делать выводы, развивают воображение и помогают стать дисциплинированными.

Упражнение на скамейке

Функции гимнастической скамейки на занятиях с детьми поистине безграничны: она опора, и препятствие, и этап эстафеты, и место отдыха. Способствуют развитию координации движений, развитию силы ног, ловкости и выносливости, прыгучести. Эти упражнения можно выполнять на скамейке, и на перевернутой рейке скамейки. Ширина нижней ее планки почти соответствует ширине гимнастического бревна, и поэтому предлагаемые упражнения можно считать подводящими к выполнению упражнений на бревне, брусках. Упражнения, которые оказывают значительное воздействие на скамейку, должны выполняться в условиях шахматного построения по обе стороны скамейки. Исходное положение (далее И.П.) - ходьба по скамейке в разных направлениях является отличной тренировкой для всего тела, развивает силу мышц, улучшает координацию, гибкость и баланс (Рис. 1 – 5). Предлагаемые упражнения просты и доступны в организации занятий, скамейка всегда под рукой и, что немаловажно на современном этапе обучения, она почти не травмирует. Упражнения легко выполнимы, доступны, они незаменимы при решении задач ОФП. Благодаря постоянному балансированию, тренируются именно те мышцы, которые обычно остаются в покое при обычной ходьбе. Отличительной чертой этих упражнений является необходимость контролировать равновесие на узкой опоре. Это требует от детей постоянной концентра-

ции усилий, что сильно активизирует работу всех мышц тела. Способность сохранять равновесие в различных условиях является сложным и в то же время жизненно важным навыком, требующим специальной тренировки. Надо иметь в виду также и то, что осязаемое воздействие на совершенствование функции равновесия, баланса могут оказать лишь упражнения, представляющие для детей определенную трудность. Хорошо отработанные и ставшие привычными упражнения утрачивают свой тренирующий эффект и становятся мало полезными для дальнейшего совершенствования. При проведении занятий используются следующие способы организации учебной деятельности: фронтальный, групповой, поточный и индивидуальный. Фронтальный способ используют в ходе разучивания простых упражнений, не требующих страховки детей. В тех случаях, когда необходимы контроль за действиями каждого ученика и страховка, применяют поточный способ, при котором физические упражнения обучающиеся выполняют поочередно друг за другом на установленной дистанции (1 – 2 м). В случае недостаточного числа снарядов или мест для занятий используют так называемый сменный способ, когда одно и то же задание получают две – три группы школьников и выполняют его по очереди одна за другой (сменами). Можно в работе с новичками использовать такой принцип: ошибся – вернись и выполни правильно. Обучать какому-либо навыку желательно в целом, не расчленяя его на составные части, чтобы дети могли запомнить движения сразу. Необходимо, чтобы каждое новое сложное движение по своей структуре соответствовало хотя бы частично освоенному ранее движению. Важно на всех занятиях обеспечить надежное усвоение детьми набора стандартных знаний, умений и навыков. При этом своевременно обращать внимание на типичные ошибки, начальная отработка приемов, разучивание упражнения, закрепления умений и навыков на занятиях – все это должно найти свое место в учебной работе педагога. И.П. - ходьба по скамейке, руки выпрямлены в стороны, на ладонях альпеншток. Переход из стойки в присед, держа альпеншток вертикально на ладони. Ходьба с книгой на голове. После освоения ходьбы следует приступить к обучению лазания с помощью рук или рук и ног по скамейке. Лазание осуществляется в упоре присев, четвереньках. И.П. - передвижение по скамейке в упоре сзади. Стоя на коленях одноименным (движение левой ногой сочетается с движением левой рукой или правой ногой и правой рукой), и разноименным (движение левой ногой сочетается с движением правой рукой и наоборот). Прыжков с использованием скамейки с небольшим продви-

жением вперед. Можно использовать от одной и до трех скамеек в зависимости от подготовленности обучающихся и наличия скамеек. И.П. - удержание равновесия (ласточка), стоя одной ногой и используя другую как противовес. Это упражнение дает чувствительную нагрузку на мышцы ног. И.П. – стоя на скамейке лицом друг другу, взявшись под руки, повороты переступанием на 180 и 360 градусов в левую и правую сторону поочередно. Вариант: то же, взявшись за руки. Прыжки по скамейкам используя их как «кочки» и «камни», руг гимнастические маты. Расстояния между скамеек в зависимости от подготовленности детей. Такие много скоки интересны детям своей конкретностью – попал ногой на «камень» или нет, сумел поставить на «камень» обе ступни и прыгнуть без задержки с обеих ног на другой «камень». Такие задания близки детской психике и выполняются со значительно большим старанием, чем обычные легкоатлетические много скоки. Для надежности можно использовать присутствующих, которые удерживают скамейку, сидя на концах. Развитие равновесия можно осуществить в основном двумя путями. Одно из них основывается на использование упражнений, при которых трудно сохранить равновесие. К ним относятся, ходьба с высоким подниманием бедра с одновременным хлопком под ногой. Передвижение по скамейки с партнером на спине. Сначала эти упражнения изучают на полу стоя на разметки линий, и только после этого переходят к выполнению на скамейки. Можно включить эти упражнения на более высокой опоре (низком, среднем бревне). На старых образцах скамеек были на торцах металлические крюки, которые давали возможность укреплять ее в наклонном положении на гимнастической стенке. Что в свою очередь позволяли расширить круг упражнений. В последнее время скамейки выпускают без крюков, что значительно снижает эффективность ее использования.

При занятиях со школьниками очень важно, чтобы они знали и соблюдали технику безопасности и правило поведения, в спортивном зале. Кроме того, прыжки - это важный прикладной навык, позволяющий преодолевать различные естественные препятствия. Поэтому прыжки являются обязательным нормативом комплекса ГТО. Подавая команды, педагог должен находиться в положении основной стойке, стоя лицом к группе. Если педагог показывает упражнение, стоя боком к группе или в стойке на коленях и т.п., то он должен после показа принять основную стойку лицом к группе, а затем подавать команды. По гимнастической стенке, так же, как и по скамейкам, выполняется лазание вверх и вниз одноименными и разноименным способами, а также



Рис. 1



Рис. 2



Рис. 3



Рис. 4



Рис. 5

влево и вправо приставными шагами. При лазанье смотреть на место перехвата рук.

(Продолжение в следующем номере)



Еңбекшіқазақ ауданының туристік-экологиялық маршруттары

ШОМАНОВА
Жадыра Серікқызы
Алматы облысы
БЖСТЖЭО-ның ҚББП-і
Еңбекшіқазақ ауд., Есік қ.



Аңдатпа

Қазақстан кең байтақ жерімен, көне тарихи мұраларымен, алуан түрлі табиғи ландшафтарымен әлемге әйгілі. Соның ішінде Жетісу жеріне саяхаттап келетін шет елдік және жергілікті туристер туризм саласының дамуына өз үлестерін қосып отыр. Туристердің келуімен қоса, туристік объектілер, жаңа туристік маршруттар, жол құрылыстары ерекше қарқынмен жасалуда. Бұл мақалада осы өңірдің туристік - танымдық жаңа маршруттары туралы баяндалды. Аймақтың туристік мүмкіндіктерін саралап, анықталған маршруттар бойынша кез келген бағытта туристік жорықтар мен экскурсияларды өткізу жоспарлануда. Сол арқылы өлкенің танымалдылығын арттырып, туристердің саяхаттап келуіне үлкен үлес қосу көзделген.

Аннотация

Казахстан всемирно известен своими обширными землями, древним историческим наследием, разнообразными природными ландшафтами. В частности, иностранные и местные туристы, посещающие Жетісу, вносят свой вклад в развитие туристической отрасли. Особенно быстрыми темпами создаются туристические объекты, новые туристические маршруты, дорожные сооружения, а также прибытие туристов. В этой статье рассказывается о новых туристско - познавательных маршрутах этого региона. Планируется провести туристические походы и экскурсии в любом направлении по определенным маршрутам с разбивкой по туристским возможностям региона. Тем самым планируется повысить популярность края и внести большой вклад в передвижение туристов.

Кілт сөздері: Іле Алатауы, Шренк шырышасы, Сиверс алмасы, Шынтүрген мүкті шырыша орманы, Үлкен Алматы көлі, Есік көлі, Кеңестер шыңы, Көл шыңы, Турист шыңы, Алтын адам, Талхиз қалашығы, Өрікті шатқалы

Әдемі жерлерді көріп, саяхаттау үшін әлемнің түкпір-түкпіріне барудың қажеті жоқ. Өйткені таңдай қақтыратын керемет орындар жақыннан да табылады. Алматы облысында орналасқан табиғаты көркем, көрсе көз тоймайтын туристік аймақ Іле - Алатауы ұлттық табиғи паркі болып саналады. Шоқтығы биік мұнаралы сүйір-сүйір шыңдары мүлгіп жатқан – Іле Алатауы. Бұл жыл он екі ай бойы ақ мамық қарымен көздің жауын алатын Тянь-Шань тау жоталарының солтүстік сілемі. Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1996 жылы 22 ақпанында Іле Алатауының әсем

ландшафтарын қорғау, өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін сақтау, туризмді дамыту мақсатында құрылған. Парк аумағының жалпы ауданы 199.186 мың гектарды құрайды. Іле - Алатауы тау жотасы флора мен фаунаға бай табиғи аймақ. Ол Қаскелең өзенінің аңғарынан Түрген өзенінің аңғарына дейін 120 километрге созылып жатыр. Мұнда бірегей табиғат ескерткіштері, соның ішінде тау көлдері, сарқырамалар, басқа да табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштері бар. Парк аумағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан түрлілігімен ерекшеленетін баға жетпес табиғи кешені Алматы, Талғар, Есік қалаларына жақын



орналасқандықтан, ол қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны болып табылады. Іле - Алатау таулары табиғи әдемілігімен тау бұлақтары мен өзендері, шатқалдары, алуан түрлі гүлдері, қылқан жапырақты ормандарымен, альпілік өсімдіктерімен көз тартады. Тау бөктерінен альпі шалғындарына дейін, мәңгілік қар жамылған шыңдарға дейін ұлттық табиғи парктің ландшафты алуан түрлі. Өсімдіктер әлемі бай әрі ерекше. Құрамы бойынша Солтүстік Тянь - Шаньның алуан түрлілігін сипаттайтын өсімдіктердің екі мың түрі өседі. Олардың сирек кездесетін түрлері Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Сондай - ақ, өте сирек кездесетін эндемиктер де бар. Халық арасында бәйшешек деп аталатын алатаулық запырангүлі немесе крокус сияқты өсімдік түрлері кең таралған. Островский қызғалдағы, Витрок рауағашы, Сиверс алмасы, жабайы өрік сияқты өсімдіктері бар. Сонымен қоса, емдік қасиеті бар дәрілік өсімдіктер де кездеседі. Олар: қарапайым шайқурай, жұпаргүл, биік және ірі жапырақты аңдыз, дәріханалық қандышөп, өгейшөп, түркістандық шүйгіншөп, итмұрын өседі. Жапырақты және қылқан жапырақты ормандар Алматы маңының көрікті жерлеріне айналған. Орманның жабайы жеміс түрлеріне Сиверс алмасы, өрік, жоңғар доланасы және Алматылық долана жатады. Тау ландшафтының төменгі бөлігінде, кей жерінде шырша аралас шағын таза тоғайды құрайтын

көктерек өседі. Іле - Алатау ұлттық паркінің басты табиғи құндылығы. Шренк шыршасынан тұратын қылқан жапырақты орман. Сонымен қатар Сиверс алмасы мен жабайы өрік, көктерек, қайың, шетен, долана, бұталы және шөпті өсімдіктер де құндылықтар қатарында. Сиверс алмасының әлемдегі осы жеміс тұқымдарының түп атасы болып табылатынын атап өткен жөн. Ұлттық парктің табиғаты мен экологиялық ерекшеліктері қайталанбайды. Демалыс немесе саяхат уақытында сіз ерекше ландшафтарды шөпті даладан бастап альпілік шалғындарды және мәңгілік қар мен мұздықтармен жабылған шыңдарды көре аласыз. Іле - Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде республикалық деңгейдегі ескерткіш бар. Ол реликті Шынтүрген мүкті шырша орманы. Реликті Шынтүрген мүкті шырша орманы Шынтүрген өзенінің оң жақ жағалауында, оның Орта Түргенмен қосылған жерінде теңіз деңгейінен 1800 метр биіктікте орналасқан. Қалың мұк астында 30-40 см тереңдікте қалыңдығы 2-3 м болатын мәңгі мұздықтар сақталған. Шыршалар мұз басу дәуірінен бері сақталғандықтан, құнды болып табылады. Шынтүрген шыршалы орманының ауданы 900 га құрайды. Ұлттық парк бірегей су нысандарына бай. Олар - Үлкен Алматы көлі, Есік көлі, сондай - ақ теңіз деңгейінен 2500-3800 метр биіктікте орналасқан моренді көлдер. Мұнда құнды су объектілерін және экологиялық жүйені сақтап, қалпына келтіру мақсатында

қорықтық, экологиялық тұрақтандыру режимдері орнатылған. Үлкен Алматы көлі Тянь - Шаньнің басқа көптеген көлдері сияқты осыдан екі мың жыл бұрын болған қатты жер сілкінісінен пайда болған. Оның ұзындығы 1,6 шақырым, ені бір шақырымға жуық, ал тереңдігі 30-40 метр. Көл суының температурасы 12 градустан артық көтерілмейді. Көл Үлкен Алматы өзенінің шатқалында теңіз деңгейінен 2511 метр биік жерде, Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 28,5 шақырым жерде орналасқан. Көл үстінен үш негізгі шың көтеріліп тұрады, оларды бөгеттің солтүстік шетінен көруге болады. Олар: көлдің оңтүстік – шығысындағы -Кеңестер шыңы, биіктігі 4317м, оңтүстігінде - Көл шыңы, биіктігі 4110м, оңтүстік - батысындағы - Турист шыңы, биіктігі 3954 м.

Есік көлі - Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Есік қаласынан оңтүстікке қарай 17 км жерде, Іле Алағауының теріскей баурайындағы әсем шатқалдардың бірінде теңіз деңгейінен 1759 м жоғарыда орналасқан. Аумағы 0,86 км², ұзындығы 1,8 км, ені 600 м. Көл шамамен 8 мың жыл бұрын тау жыныстарының тектоникалық ығысуынан пайда болған. Табиғи жолмен қалыптасқан бөгетке тау мұздықтары, қар, жауын-шашын суы жиналып, тау аралығындағы әсем көлге айналған. 1963 жылы шілденің 7-нде болған сел тасқыны бөгетті бұзып кетті. 1990 жылдардың

ортасынан бөгет қайта тұрғызылып, көл қалпына келтірілуде. Ұлттық парктің бірегей табиғи нысандарының тізбесіне келесі геоморфологиялық нысандар кіреді: Жарсай өзенінің жоғарғы жағы, Турген өзенінің оң жағындағы Медвежий және Қайрақты сарқырамалары, құламадан пайда болған Жусалы көлі мен Есік көлдері, әртүрлі түсті жартастар, қызық түрлі формадағы эрозиялық су жырындылары және Турген өзенінің оң жағалауындағы бұзылған жыралар, Медеу және Шымбұлақ шатқалдарының бір бөлігі орналасқан. Турген сарқырамалары өзінің сұлулығы мен кереметтігімен дәріптеледі. Бұл жер - Алматы облысындағы туристер өте көп баратын жерлердің бірі. Олар ең әдемі шатқалдарда орналасқан, саны 7-ге жетеді. Солардың ішінде ең танымалы Медвежий мен Қайрақ сарқырамалары болып табылады. Бірінші сарқыраманың биіктігі 30 метр, жоғарыдан төніп тұрған жартастар ортасында орналасқан. Шатқалдағы жартастар жер сілкінісінен жарылған және мұздыққа дейінгі кезең іздерін сақтап қалған. Әдетте туристер Медвежий сарқырамасына өтетін көпірден 300 метр жоғарыдағы суы дәмді, мұздай «сұлулық бұлағына» барады. Қайрақ сарқырамасы орманшылықтан жаяу жүріспен 3 сағаттық жерде орналасқан. Негізгі ағысының құлама биіктігі 40 метр, жалпы биіктігі 74 метрге жетеді. Шатқал сондай - ақ, жасыл түкті кілем тәріздес мүк



басқан - реликті Шынтүрген шырша ормандарымен де атақты. Ұлттық парк аумағы мен оның қорғалатын өңірінде тарихи - мәдени мұраның әртүрлі нысандары - қорғандар мен қорымдар, тас мүсіндері мен жартас суреттері, қалашықтар мен қоныстар бар. Археологиялық ескерткіштердің көпшілігі шатқалдан шыға беріс жерлер мен тау етегіндегі жазықтардағы өзен жағалауларында орналасқан. Тас ғасырының тұрақтары ең алдымен үйінділермен жасырылған, сондықтан әлі күнге дейін мамандарға белгісіз болып келген. Табылған қола дәуірінің қоныстары мен қорғандары б.д.д. X-VII ғғ. соңғы кезеңіне жатады. Олар: ерте көшпенділер дәуірінің қорғандары, бірегей сәулет құрылыстары бар жерлеу орындары, қару - жарақ, алтын, күмістен жасалған өте жоғары көркемдік бұйымдар. Есік қаласының солтүстік - батыс жағында темір дәуіріндегі оннан аса сақ қорғандары орналасқан, олардың біреуінен әлемге әйгілі болған «Алтын адам» табылған. Ерте темір дәуірінің қорымдары Талғар ауданы Рахат ауылының оңтүстік шығысында, Түрген өзенінің сол жағалауында орналасқан. Біздің дәуіріміздің VI-VIII ғғ. тас мүсіндер мен қоршаулар Үшқоңыр шатқалындағы Кіші Шымбұлақ өзенінің алқабынан табылған. «Тас әйелдер» Талғар қаласының шығыс жағында және Талғар өзенінің оңтүстігінде 24 шақырым жерден



табылған. Жартас суреттері Түрген ауылының оңтүстік жағында 6 шақырым жерде және Тау-Түрген ауылының жанындағы Кузнецовск бұлағының бойында бар. Ескі қоныстар Үлкен Алматы шатқалының шыға берісінде, Алматы қаласының оңтүстік шет жағында және Каменское шатқалына баратын жолдағы Есентай өзенінің оң жақ жағалауында, қала шекарасында орналасқан. Ортағасырлық Талхиз қалашығы паркпен шекаралас Талғар қаласының оңтүстігінде орналасқан. Талхиз қаласы 2014 жылы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан 33 көне қоныстың бірі ретінде ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұрасы тізіміне енген. Археологтардың дерегі бойынша, VIII-XIII ғасырларда осы қоныста 8 мыңға жуық адам тұрған деседі.

Өрікті шатқалында Есік қаласынан 8 шақырым жерде «Казачка» сарқырамасы бар. Оның биіктігі шамамен 3-4 метр. Бұл шатқалда жабайы өсімдіктер мен жануарлар мекендейді. Жабайы алма, долана, жабайы өрік, итмұрын, шырғанақ, бөріқарақат өседі. Жануарлардан қабан, марал, ақкіс, сұр суыр, ақ тиін т.б кездеседі.

Бұл маршрут бойынша орталықтың оқушыларына демалыс күнгі жорықтар ұйымдастырылады. Аталған туристік аймақтар жылдың қай мезгілінде болса да, туристер мен қонақтарға құшағын айқара ашуда. Әсем табиғатымыз бен көне қорғандарымызды көруге елдің түкпір - түкпірінен, шет елдерден келген саяхатшыларды көптеп кездестіруге болады. Бұл бір жағынан туристік өлкенің дамуына зор үлес қосып отыр. Орталығымызда үйірме оқушылары аталған маршруттар бойынша көптеген экскурсиялар мен жорықтарға қатысады. Осындай экскурсиялар мен жорықтарға қатыса отырып, өздерінің туристік танымдарын кеңейтіп, туған өлкенің туристік мүмкіндіктерін және табиғи - тарихи ескерткіштерін қорғауды үйренеді. Олар үшін туған жердің әр тасы, сарқырап аққан бұлағы, биік шыңы, қара топырағы ыстық, әрі баға жетпес байлық! Өлкеміздің тамылжыған сұлу табиғатын тек сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахметов А.А. Поздеев А.Г. Бобров Р.Ф. Алматы облысы жолсілтемесі. Алматы 2017
2. Гуржий Т.М. Алматы облысы туралы 100 әсер. Алматы 2018
3. "Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі". Тау қайнар ЖШС. Алматы 2020
4. Потапов С.А. Таңбалы. Алматы 2012



ӘБІЛПЕЙСОВ
Жәнібек Тастайбекұлы
М. Өтемісов ЖОББМ, ҚББП-і,
Ақжайық ауд. БҚО

Ұлы даланың ұлық перзенті – Жапарберді батыр

(Облыстық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану жасақтары слетінің «Туризм-спорт, денсаулық, демалыс» номинациясы бойынша I орын алған жұмыс)



ҚАЙЫРЖАН Аэлига
М. Өтемісов ЖОББМ-нің
8 сынып оқушысы
Ақжайық ауд. БҚО

Аңдатпа

Ғылыми жобада жазылған кіші жүздің би, батырларын зерттеп, оның ішінде Жапарберді батырға қатысты деректерді нақтылаудың маңыздылығы жоғары. Зерттеу барысында халық жадында сақталған мұраларымыз негізінде батыс өңірінде өмір сүрген батыр, би, жырау тұлғалар туралы, олардың ата-тек шежіресі мен тарихына қатысты біраз мақалалар мен еңбектері салыстырылып, фольклорлық мағлұматтар кеңінен пайдаланылған. Жобада тоғыз батыр туралы жан-жақты деректер жинақталған. Жоба өлкетанушыларға, қосымша білім беру педагогтарына, үйірме жұмысына бағытталған.

Аннотация

Большое значение имеет изучение биев, батыров Младшего жуза, описанное в научном проекте, в том числе уточнение данных, касающихся батыра Жапарберды. В ходе исследования были составлены некоторые статьи и труды о батырах, биях, жырау, живших в западном регионе на основе наследия, хранящегося в памяти народа, их родословной и историей, широко использованы фольклорные сведения. В проекте собраны исчерпывающие данные о девяти батырах. Проект ориентирован на краеведов, педагогов дополнительного образования, кружковую работу.

Кілт сөздері: Есболай би, Итемген батыр, Қара батыр, Дәрі батыр, Есет би, Табылды батыр, Құлбарақ батыр, Жапарберді батыр Мәтенұлы Кескір-Көбен батыр

(Жалғасы, басы алдыңғы санда)

«**И**темгеннен туыпты,
Қара менен Табылды,
Қалдыбай, Мәтен, Қабылды
Сол ерлердің тұсында,

Дұшпаннан кегім алынды» – деп Мұрат ақын жырлағандай келесі кезекті тарих сахнасына шыққан Итемгеннің батыр ұрпақтарына берелік.

2.1 **Қара батыр** (1750-1840 ж.ж. шамамен) - батыр, би және жергілікті халықтың сыйластығымен Маңғыстаудың хан атағы дәрежесіне дейін жеткен тұлға. Итемгеннің ұлы, «Итемгеннің бес бөрісінің біреуі», Әйтеке бидің туған жиені, Адай-Жары-Дәулеталы-Үсеннің күйеу баласы.

Әбуғали Ғабдуллин «Саржала» кітабында Қара батыр туралы мынадай деректер келтіреді. «... Руым шеркеш Тұрманбет бидің ұлысынанмын де-

ген Сидәліұлы Тойғыл балық батағаларын шапқан беріштер, Еділ бойындағы елді мекендерді шапқан байбақты Айдар бастаған барымташылар екенін айтып берген ...Беріштер қолға түсірген орыс тұтқындардың бір бөлігін алған. Бұл жорықты бастаған Итемгенұлы Қара батыр екен...» (6.10-бет). «...Еділ бойынан тұтқын алған Қара Итемгенұлы оралған бетте Маңғыстауға көшкен. Қайрақты (шыны Айрақты автордан) деген жерде...» (6.11 -бет).

Маңғыстауға белгілі, айтулы шежіреші А.Мендалиев «Адай шежіресі» кітабында, Қараның қалай Адайларға жекжат екенін дәл басқан. Бұл әңгімелерді Маңғыстау өлкесіндегі, Итемгеннің ұлдары Қара мен Табылдыға жекжат Төлеп батырдың көзі тірі ұрпақтары да дәл осылай айтады. Төлеп батыр, ағайынды Қара мен Табылдың күйеу баласы. Итемген, Адайдың

ала туын ұстаған Өнетпен акыреттік дос болған. Бұл, дау тудырмайтын ақиқат.

Итемгеннің батыр ұлдарының ішінде әсіресе Қараның даңқы ерекше тарайды. Ел ішінде айтылып жүрген аңыздарға сүйенсек бір сыншы әйел Қараны сынапты.

– Өттең, уақытым өтті-ау, тұқым алып қалатын адам екен, – деп таңдайын қаққан көрінеді. Бір күні түркімендер Қараның шаңырағында қонақ болып отырып, тұлпар атын қалап сұрап алыпты. Сөйтсе түркімендердің өз ойы бар екен. Тұлпарды Бозашыдан жетелеп келе жатқан олар Қаратөбе биігіне шыққанда қылышпен аттың басын кесіп алады. Сөйтіп, бәйгеде алдына қара салмайтын қазақ тұлпарының көзін осылай жойса керек. Бір сөзбен айтқанда, Қара батыр, әрі би болған адам.

Есболайұлы Итемген баласы Қараға сыйласы, Үсеннің жеті баласының ортасындағы жалғыз қызы Айсарыны алып береді. Батыр болғанмен барымтадан аулақ, шаруаға қырсыз, одан да бұрын тақуа, пірадарлығы барырақ Қара жарлы болыпты. Көктемде жайлауға көшкен жолында соғып, қонған атасы Үсенге сояр өзге малы болмай желідегі маясын сойып береді.

Күйеу баласының сол пейіліне ырза болған ата айдалып келе жатқан қой отарлар осы жерде 3 күн еру болып, төлдеген саулық пен қозыны Қараның қотанына тастап кетуге тапсырма беріпті. Баласы Жоба оны қуана орындайды. Сонда сол 3 күнде қоздаған қой-қозысымен 700 болып, Қараға содан мал бітіп, бай болыпты деп бітеді бұл әңгіме [31].

Қара би – батыр атамыз өте ірі кісі болған. Сәнжан Нұрғалиев деген ағамыз Қара батыр туралы былай деген: «Оның екі иығының арасын екі аршын екен. Өзін ат көтере алмайтын болған соң, атан мініп жүреді екен» (Қырықбай Бекбаев, «Қаратоқай батырлары», «Дендер» газеті, 22 қазан, 1993 жыл).

Қара 90 жастың үстінде өмір сүрген. Маңғыстауда қайтыс болған. Жерленген жері, Бозашы түбегінің, Қызан ауылынан, Қаламқас мұнай кен орнына жүргенде 35 шақырымдағы, өзінің атымен аталған бірінші қатарлардағы биік төбеде. Балалары:

Бәйбішесі Айсарыдан – Дәрі және Есет;

Екінші әйелі Майсадан – Сары, Қамбар, Бөкенбай, Жанғұтты.

2.2 Қараның ұлы Дәрі батыр

Беріштер мен Әлім-Кете-Ожырайлар арасында біраз уақыт түсініспестік болып, екі жақ қақтығыса беріпті. Ожырайлар Беріштерді жеңе алмай, бірде олармен тату көрші тұрған Тегісбай деген Адай ауылын шауып, малын айдап кетеді.

Бұны Дәрі батыр далада естіп жүріп, әлгілерді қуып жетіп, қолындағы дойыр қамшымен ұрып, бір-бірлеп құлата беріпті. Жаяу қалғандары жата қалып атып, Дәрінің жүрегіне жебе қадапты.

Осылайша Дәрі батыр қапияда қаза табады. Бұл кезде Дәрі 27 жаста екен. Ығылман Шөреков адайдың Хасанғали деген ақынымен хатпен айтысында:

«...Ауылын Тегісбайдың Әлім шауып,
Алғанда бар малыңды желің қиып.
Бармаған жалғыз адам көмегіңе
Жар салып шақырғанда жұртың жиып.
Артынан Қаратоқай Есет қуып,
Түсірген дұшпаныңды нардан қиып.
Артынан Дәрі менен Есет қуған,
Қалмаған «ой, бауырым!» деп қалмай жаудан.
Алдында қара мойын серкесі бар,
Қайта ма серкелі қой тасқын судан?
Дәрінің мылтық тиіп қолтығынан,
Ақ сауыт киген шығып қанға жуған.
Бір жанын Адай үшін пида қылып
Қайраттан пайда көрмеді артық туған...» - деп жазады [15, 215 б].

Мөңкеұлы Матай ақын айтқан:

«Артында Қабыл қалды Қара өлгенде,
Берішті жеті баулы бір күйзелтті,
Кешегі Ожырайдан Дәрі өлгенде» – десе,
Матайдың туған інісі, Мұрат ақын, былай қиналады:

«Артында Қабыл қалды Қара өлгенде,
Қалады жүк тайлаққа нар өлгенде.
Беріштің жеті баулы белі сынды,
Кешегі Ожырайдан Дәрі өлгенде» – деген өлеңдері текке айтылмаған ғой.

Адайдың бір топ аламандары: «Мұрат жиен, осылай деп құнсыз кеткен Дәрінің өлімін бізге шағынып отыр», – деп, ат қойып барып, ащы Ойыл бойында отырған Ожырай Кетенің екі адамын өлтіреді. Сол жер кейінде «Қандыағаш» атанып кетеді. Бірақ, абырой болғанда жанжал онан әрі ушықпай бітіммен тынады.

Дәрі батырдан – Ербақы, Бәшен есімді екі ұл қалған.

Дәрі қайғылы қазаға ұшырағанда, Бәшен 3 жаста екен. Артынан Бәшен бай болған. Оны Мұрат Мөңкеұлы, Тыныштықпен айтысқанда:

«Беріште Әлжан, Бәшен ұйылған бай,

Соғымға отыз асау сойылған бай» – деп келтірген.

Дәрі атамыздың қауымы, Атырау облысы, Индер ауданының, Малайсары алқабындағы, Жайық бойындағы бұрынғы 2-ауыл, кәзіргі Мұрат Мөңке ауылынан 20 шақырымдай, Индерден 45

шақырымдағы Индер-Мақат темір жол бойындағы «Дәрі» разьездінің тұсындағы, Дәрі қауымында. Бұл қорымда жылқының сүтіне және жалына иеленген, балшықтан соққан зираттар бар.

Ербақы, Башеннен тараған ұрпақтар қазір, негізінен Атырау, Орал аймақтарында тұрады.

2.3 Есет би Қараның ұлы - әрі би, әрі ақын, әрі батыр Есет би туралы Уикипедия былай дейді: Есет Қараұлы (1779-1869 ж.ж.) - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында туып, Махамбет ауданы Малайсары алқабында жерленген.

Жырау. Кіші жүз құрамындағы Байұлы тайпасының Беріш руынан шыққан. Исатай мен Махамбет бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Көтеріліс басылғаннан кейін Ресей әкімшілік тарапынан қуғын көріп, біраз жыл Маңғыстау, Хорезм жағында болады. Одан Жайық бойына оралып, тоқсанға келіп дүние салған.

Махамбет, Абыл ақындармен достық байланыста болған. Есеттен Мұрат Мөңкеұлы, т.б. көптеген ақындар өнеге алған.

Халел Досмұхамедов өзінің «Аламан» атты кітабында:

«Мұраттың елінде Есет деген би болған. Есет қазақтың шежіре билерінің бірі екен. Жас бала Мұратты шақырып алып ақыл айтыпты: Айтысу үшін өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежірелерін жақсы білу керек деп. Есеттің осы ақылы Мұратқа ұнаған»

деп әйгілі Мұрат ақынның қандай ұстаздың мектебінен өткенін дәл көрсетеді [11, 103 б.].

Атырау облысымен көршілес жатқан, Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы, Тайпак өлкесінде өмір сүрген шежіреші қария Құттымұрат Құлтумаұлы Есет бидің Мұратқа қалай ұстаздық еткені туралы былай дейді:

– Мұрат қарағым, сен бөтен елдің ақынымен айтысқанда еліңнің атышулы жақсы-жайсаңын мақтама. «Жақсының артынан сөз ереді» деген. Олардың бір сүрінген жері болса, ел біліп отырады. Соны алға тартып сені сүріндіруі мүмкін. Еліңнің адам білмес қарапайым қарасирақ кедейін мақта. Сонда қарсыласың сенен ілік таба алмайды – деп кеңес береді.

Біз осы әңгімеден Есет бидің қандай көреген ақыл иесі болғанын анық аңғарамыз.

1908 жылы Қазанда басылған М.Бекмұхамбетұлының «Жақсы үгіт» жинағында Есеттің «Тауға біткен қайыңның» деп басталатын қартайған шағында айтқан толғауы жарық көрді. Есет бидің өлеңдері содан бері көптеген жинақтарға енгізілді. «Бес ғасыр жырлайды» (Қ-том, А., 1984, 1989) жинақтарында жарық көрген.

Тарихта бұл ағамыз Есет би, Есет ақын, Есет батыр атымен таныс. Батырлар, ақындар сияқты, билердің де түр-түрі болған, күнкөріс үшін бірде оған, бірде бұған бұратын, бұқпантай жалтақ билер, әкімдерден аса алмай, әділ төресін бере алмай



қалтақтайтын, тағасы жоқ тайғанақ билер, қарсы алдында хан тұрса да қаймықпай, қара қылды қақ жарып турасын айтып қасқайып қарап тұратын ата билер болған. Сол аздардың бірі – Есет би.

XVIII ғасырдың аяқ кезінен бермен қарай хандар кеңесінің құрамына билер сайланатын болды. Осы кезден бастап билер халық таразысына түсті. Ханның қамын ойлаған жасқаншақ жалтақтар ұмытылып, қара басы кетсе де, халықтың қамын көздейтіндер әрі би, әрі батыр атанып, елдің есінде қалды, халықтың құрметінде болды. Сол әрі би, әрі батыр атанғандар екеу болса, соның біреуі осы Есет, ал біреу болса – онда өзі.

Есеттің қайда оқығаны белгісіз, білім, билік жағынан алдына жан салмаған, төбе би атанған адам. Есет заманы астарлы, кедір-бұдыры көп, қарағай басын шортан шалған қилы кезең болатын. Е.Пугачев көтерілісінің желісі үзілмей жатып, шылбырды Сырым алып кетті. Сырымның қызуы басылмай жатып Исатай-Махамбет тұтанды. Мұның ізі суымай жатып Бекет бас көтерді. Есет Көтібаров атқа мінді. Тұрлан Асауов қол жинады. Оның бәрі елге, елім деп еңіреген ерлерге, халыққа, халқым деп қан жұтқан азаматтарға шарпуын тигізбей қойған жоқ. Соның ішінде ата-бабасы ежелден хан тұқымымен төбелесіп өткен Есетке оңай түскен жоқ. Есеттің әкесі Қара, хан тұқымымен сиыспай, қақтығысып өткен.

Жасы алпыстан асқанда Исатай-Махамбетке жақтасып, одан қуғын-сүргінге ұшыраған Есет тоқсан жасаса да, күн тыныш отырып, бел шешіп тамақ ішпеген адам. Түн ұйқысын төрт бөліп, қысқа күнде қырық рет дауға түсті, шыбындай жанын шүберекке түйіп, шырылдап барып жауға да түсті. Бірақ даудан ығып саспады, жаудан бұғып қашпады. Өмірінің қандай болып өткенін өзінің:

Заманында өзімнің
Еңсеріскен ер көрдім,
Белсеніскен бел көрдім,
Жасанысқан жау көрдім,
Тізелескен дау көрдім,
Үрікпедім, саспадым,
Бір өтірік болмасын
Табаным тайып қашпадым.

Қанды көйлек жолдасты

Сары алтындай сақтадым... – деген сөзінен айқын көреміз. Есет біреуді басынып талтаңдамаған, өзі біреуден қорқып жалтаңдамаған, ешкімнен қиянат көрмеген, біреуге қиянат істемеген, ешкімнен артық сөз естімеген, өзі біреуді балағаттап даттамаған, ешкімге білімсініп ақыл айтпаған, ал өзі білгеннің ақылын алуға әрдайым құштар болған. Әрине, мұндай парасатты жандар сирек

кездеседі.

Есет 1869 жылы 90 жасында бақи дүниеге аттанды. Бейіті осы күнгі Махамбет ауданы, Малайсары деген жерде, біздің экспедиция арнайы ат басын тіреп барған «Дәрі» деп аталатын қауымда. Есет бидің араб таңбалы құлпытасы жақсы сақталған. Өзінің өршіл өлеңдері секілді жарқырап, ғасырлар сынына сынбаған қалпы қасқайып тұр.

2.4 Табылды батыр

Табылды Қарадан 5-6 жас кіші болғандықтан, 1755-56 жылдары туған деп көрсетіліп жүр. Табылды өз заманында талай жорықтарға қатысып батырлық құрған адам.

Жайық бойындағы Сарайшық қаласында хандық құрған Аюке өлгеннен кейін кіші жүздің Итемген бастаған Байбақты, Шолан, Табын, Барак, Қонай, Атақозы секілді батырлары қаланы қолға алу үшін жорық жасайды. Әкесі қол бастаған осы жорыққа Табылды да қатысқанға ұқсайды. Сол сияқты ол жоңғар қалмақтарына қарсы жорықтарға да белсене қатысып, үлкен ерліктер көрсеткен. Жоғарыда келтірілген өлең шумақтары осыған толық дәлел бола алады.

Итемгеннің балаларының ішінде Табылдың орны ерекше. Қазір Иран жерінде ғұмыр кешіп жатқан қандас бауырларымыз Табылды мен Қараны жиі еске алып, жырға қосатын көрінеді. Сол секілді Мұрат ақынның:

Табылды мен Қараңдай,
Ағыны күшті қарғындай.
Сол ерлердің барында,

Дұшпаннан кегім алынды-ай, – деп жырлауының өзі біраз жайдан хабар беріп тұрған жоқ па. Кезінде «Құлбарақ зиратынан шыққан үн» деген толғау жазған маңғыстаулық ақын Светқали Нұржанов Табылды бейнесін: «Қалың қабақты, көзі қып-қызыл, шокпар мұрын, өте сұсты кісі» – деп суреттейді [8, 62-63 б.].

Маңғыстау жерінде 1832 жылы Хиуалық шапқыншылармен болған қырғында Табылдың ұлы Құлбарақ батыр бастаған қаратоқайдың 11 көзсіз батыры бар, барлығы 17 жігіті қаза болды. Бір әулеттен осынша ердің шейт болуы өте ауыр қаза еді. Табылдыға баласының қазасын естіртуге адайдың бас ақыны Абыл ғана лайықты деп ұйғарады ел.

«Табылды қалың қабақты, өткір көздерінен от шашқан, шокпар мұрынды, сұсты кісі болыпты. Сондықтан да адайдың Абыл ақынын алға салып барған» [24].

Табылды батыр сексенге жақындап қалған жасында да тұғырдан түспеген. 1833 жылы 1500

қол жинап батырларының кегін қайтару үшін Түркімен жеріне жорық жасайды.

– Бұл жорықты ту ұстап өзім бастаймын. Құлбарақ баламның жаны кеткенде, менің де жаным тыныштық таппас. Егер ұрыста шейіт болсам арманым болмас, – депті [9].

Табылды батыр бастаған осы жорық жеңіспен аяқталып, майлы қиян – Маңғыстау түбегі мәңгіге қазақ деген халықтың еншісіне бұйырды.

Табылды батырдың бейіті Ақорпа-Өженде, Қараның бейітінен 20-30 шақырымдай қашықтықта.

2.5 Табылды ұлы Құлбарақ батыр

Құлбарақ Табылдыұлының өмір сүрген кезеңі қазақ халқының басына зобалаң мен үлкен қайғы-қасірет әкелген аласапыран дәуір, жаугершілік заманына дөп келеді.

Маңғыстау өңірінен шыққан батырлар туралы жазылып қалдырылған және ел аузындағы әңгімелерге сүйенсек, ел тарихында Құлбарақ батырдың алар орны ерекше. Әкесі – Табылды батыр да баласының атын – Құлбарақ деп бекерден-бекер қоймаса керек. Барақ деген ат қазақта сирек кездеседі. Сонысына қарағанда мұнда бір терең сыр жатқан тәрізді. Батыс Қазақстан Құлбарақтың ата-ұрпақтарының өмір сүрген жері болса, Маңғыстау оның қаны төгілген жер. Маңғыстаудың көнекөз қарттары ел аузында «Қарнау қырғыны» деген атпен сақталып қалған оқиғаны әлі күнге жыр қылып айтады.

Өмірзақ Озғанбай «Қасиет қонған – Құлбарақ батыр» деген еңбегінде бір-біріне қарама-қайшы деректер келтіреді:

«Маңғыстаудың Бозашы-Қабакты деген жерінде отырған Сүйінқара атты бидің ауылын 1832 жылы Хиуа қаны Аллақұлдың Сүйінпұшық деген уәзірі бастап келген қалың қол шауып кетеді.

Қазақ батырлары оларды қуып жетіп, Қарнау деген жерде үлкен шайқас болады.

...Өлді ерлер алған беттен таймайтұғын,
Жақсылар өлді елдегі сыйлайтұғын.

Ішегін сүйретілген жинап жүріп,
Медетте Избас өлді қимайтұғын.

Мырзатай өлерінде ерлей өлді,
Қылышын ит дұшпанға сермей өлді.

Мырзатай кім-кімнен де батыр еді,
Тіріде жауға намыс бермей өлді.

Досы өлді Тағанұлы көп Зорбайдан,
Кебекпен жетеу өлді Табынайдан...

Беріштен Құлбарақ өлді нанғысыз-ай,

Басы жоқ, кеудесі бар ыңғайсыз-ай – деп Абыл ақын Қарнау қырғынын суреттейді [13, 52 б].

Осы жолғы шайқаста Мәметнияз күшбегі басқарған түркмендердің қолы қазақтардан үш-төрт есе көп болады [8, 63-64 бб].

Сонда қайсысы дұрыс? Хиуа қолын бастап келген Сүйінпұшық па, әлде Мәмбетнияз ба?

А т ы р а у л ы қ ш е ж і р е ш і Н ұ р б е к Жұбанышқалиұлы: «Сүйінпұшық – Хиуа ханы Аллақұлдың бас уәзірі екен» – деген деректі алға тартады. Түркімен қолын бастап келген Мәмбетнияз құсшы (құсшы – қолбасшы деген сөз) екен дейді.

Түрлі шежірешілер мен жазушылар жазып қалдырған деректерде Хиуалықтардың Маңғыстауға қанды жорығының себебі Сүйінқара батырда жатқанын айғақтайды.

Белгілі тарихшы-ғалым Жәнібек Аллаярұлы өзінің Науша батыр туралы зерттеу еңбегінде:

«1831 жылдың қысында хиуалықтар түрікмендер арқылы адайларды өздеріне зекет төлеуге мәжбүр еткен.

Бұл туралы орыс зерттеушісі Л.Мейер «Шын мәнінде, түрікмендер Адай батыры Сүйінқара ауылына шабуыл жасап, оларды талап-тонап, Каспийдің мұзына дейін қуды. Сол тұста олардың да, біздің билеуші-сұлтанның да билігін мойындамаған Сүйінқара Қайыпқали сұлтан, Құлбарақ, Науша батырлармен бірге 800 қол жинап, жауыздардың соңынан қуды, алайда, өз жасағының жартысынан айырылған ол кері қашуға мәжбүр болды» деп жазды [Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – Спб.: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона, 1865. 47-б.].

Ал, И.Кенжалиев «Харазм шахына зекет төлегісі келмеген Сүйінқара батырға қарсы 1832 жылы Харазм шахының жасауыл басы Мәмбетнияз бастаған 3500 әскері шығып, даланы кезді. Ақыры Сүйінқараның үйін, дүние, малын талап, әйелі мен қыздарын тұтқынға алып кетті. Олар жолшыбай тағы көп ауылды тонады.

Шапқыншылардың артынан 800 кісімен Қайыпалды сұлтан, Науша, Құлбарақ, Сүйінқара батырлар бірігіп қуып жетіп, соғысып еді, көп әскерге әлі келмей, өлімші болып жеңілді. Бұл қанды соғыста Сүйінқара мен Қайыпалдының балалары қаза болды, кейбіреулері тұтқындалды» [Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы: Қазақстан, 1991. 24-б.] деп толықтырады

Бүгінгі жазылған деректер Сүйінқараны прогрессивті батыр есебінде сипаттаса да ел аузында таралған әңгімеде Сүйінқараны ел мен елдің арасына іріткі салып, жазықсыз боздақтардың ажал құшуына себепші есерсоқ батыр есебінде суреттейді. Маңғыстау жұрты ішінде таралған

сондай аңыздардың бірі мынау.

Хиуа ханы Аллақұлдың әйелдерінің бірі ұл туып, маңайындағы елді жиып той жасайды. Адайдың бетке ұстары деп Сүйінғара батырға да елші жібереді. Сүйінғара болса тойға шақыра барған елшіге:

– Бір қатынның пұшпағы қанады екен деп, тойға баратын жағдайым жоқ! – деп келтесінен қайырады. Елші ханына дәл солай етіп жеткізіп барыпты. Ұрынарға сылтау таба алмай отырған Хиуа ханына да керегі осы. Дереву мұздай қаруланған арнайы жасағын аттандырып: «Сүйінғара өзі келмесе, басын алып келіңдер!» деп тапсырма беріпті.

Арғы жағы белгілі. Үш мың әскер, кей деректерде 3500 делінеді, тыныш жатқан Сүйінғараның ауылын шауып, мал-мүлік, қыз-қырқын, жас балаларды олжалап алып кетеді. Түнде келіп жау бас салғанда Сүйінғара жабынды көтеріп қашып құтылған дейді ел аңызы. Абыл ақын:

«Құлбарақ туып еді Табылдыдан

Жау келсе, жаман қашар жабындыдан» деп жырлағанда осыны меңзегендей.

Ығылман Шөреков Хасанғали деген ақынмен сөз жарысында:

«Шабылды Сүйінғара Түрікпеннен

Мандағы қазақ қашты үріккеннен.

Әуелде кеткен кегін қайырмаққа

Ауызы Сейілханның біріккеннен –

Түрікпен төрт жүз адам – қайысқан қол

Көп елді үш күн шауып жүріп көрген

Шулатып төрт жүз жетім-жесір алып

Жиһазын жеті атадан мүліктенген.

Артынан кеткен жаудың қуыспаққа

Саралап аптал ерлер іріктелген

Құлбарақ, кескір Көбен кетті бірге

Тап болып сол қуғынға жігіттермен – деп суреттейді [11, 216-217 бб].

Ығылманның өлеңінде Сүйінғара ауылын шапқан Түркімен қолы 400 десе де, анығында үш мыңнан кем болмаған. Және барлығы ұрысқа сақадай сайланған, басынан бақайшағына дейін мұздай қаруланған, сауыт-сайманы бойында ханның арнайы жасағы екен.

Үстіртте еркімен жүрген қазақ елі болса еш елді жаулап алу үшін тұрақты армия ұстамаған, сол себепті мұздай қаруланып тек қана соғысқа машықтанған арнайы жасағы да жоқ еді. Ел қорғаны болған қадау-қадау батырлар бес қаруын сайлап жүрсе де, «жау шапты» деп жабыла қуған жігіттердің көбінде бес қару да сауыт-сайман да болмапты.

Дойыр қамшы мен сойылды серік етіп,

қысылшанда қой қырқатын үлкен қырықтықтың бір жағын уықтың басына байлап, найза қылып алып та жауға жөнеле берген қазақ жігіттерінің қимылы көзсіз ерлікке бара-бар еді.

Сүйінғара ауылын жау шауып кеткеннен кейін бұл хабар адайлармен құда-жегіжат боп әбден араласып кеткен Беріш руына да жетеді. Сол кезде 45 жастағы Құлбарақ батыр дереу атқа қонып, өзінің бауырларымен қоса, 800 қол жинап үлгереді. Осы тұста әкесі Табылды: «Әскерінді мыңға толтыр», деп кеңес бергенмен, намысы шыдатпай суыт жүріп кетеді. Олар барымташыларға Тиген маңында қуып жетеді. Бірақ сан жағынан өздеріне төрт есеге жуық көп, әлі шашауы шықпаған үш мың жауға бірден дүрсе қоя беруге батпайды. Олай етсе, есіл боздақтарды күші басым жауға қырғызып алармын деп Құлбарақ:

– Аттан түсіндер, соғыс тәсілін өзгертеміз, – дейді.

Қуғыншыларды сонау алыстан-ақ байқаған Мәмбетнияз құшбегі өз әскерінің бас-аяғын жиып, қиян-кескі айқасқа әзірлеп-ақ тұрған-ды. Олардың мына әрекеттерінен:

– Бұл елдің аруағы ат үстінде еді. Олар енді аттан түсіп, аруағынан айырылды. Өз еріктерімен жаяу қалған қуғыншыларды тап қазір басып алу керек! – деп, лап қояды. Кескілескен қанды қырғын осылай басталған. Аттарына мініп үлгере алмаған қуғыншылар аттылы жаумен сол жаяу қалпында айқасқа түседі. Қуғыншылар ішіндегі батырларды әп дегеннен қимылдарынан танып, оларды тізе қостырмай, бөлек-бөлек алып құртуды ойлаған.

Көп қазақтың ішіндегі айрықша ірілігімен көзге түскен зор денелі қара кісіні отыз шақты шапқыншы ортаға алыпты. Құлбарақтың жойқын қимылы дұшпанды сескендіріп, жүректерін шайлықтырып тастағандай. Қоршаған күйі батырдың қапысын табуды көздеген сыңайлары бар. Мұншама жойқын ерлік көрсетіп жүрген кім екенін біле алмаған түркімендердің бірі:

«Бұл – Сүйінғара ғой! Сақ болыңдар!» деп оқыс айқайлап жіберіпті. Тосын шыққан дауыс Құлбарақ батырды да елең еткізген. Жан алқымға келіп, тарығып тұрған сәтте: «Сүйінғара батыр қол жинап жеткен екен ғой» деген үміт оты жылт еткен еді. Қас-қағым сәт айналасындағы анталаған жауды да ұмытып, дауыс шыққан жаққа жалт қарағанда, қылша мойынына қылш сарт етіп, бас домалап жерге түседі [24].

Құлбарақ бастап барған 800 қазақ қолының ішінде біздің Тайпақ өлкесінен барған байбақты Науша батыр да болыпты.

Осы жорықта үзеңгілес серіктерімен бірге жауға қарсы қол бастаған Наушаның ерлігін М.Мұхтарұлы: «Осы шайқаста Науша мен Құлбарақтың батыл қимылы қатысушылардың мақтанышпен айтатын әңгімесіне айналған. Наушаның түйреп түсірген адамы, Құлбарақтың қылышы тиген жаулардың басы допша ойнап жайрап қалған. Тек Құлбарақ немере жас інісі Жапарбердіге қарайлап жүріп, қапыда қаза табады. ...Кейін Сүйінқара Наушаның найзаны қалай ойнатқанын айтып, елін таң қалдырыпты, өзі де риза болыпты», – деп бағалайды [22, 33-б.].

Бұл жорықты Орынбор мұрағатының құжаттары да растайды. 1832 жылғы 27 қаңтардағы Г.Ф.Генс жазбасында түркіменнің Сүйінқара батырдың ауылы мен адай қазақтарына соққы беріп, мал-мүлкін тонап, батырдың әйелі мен қызын алып кеткені, осыдан соң Қайыпқали сұлтанмен біріккен Сүйінқара 1500 қолмен түркімен соңынан аттанғаны келтірілген [ОрОММ. 6-к., 10-т., 3027-іс, 6-п.].

Кейін 24 ақпанда Орынбордың әскери губернаторы П.П.Сухтелен К.К.Родофиникинге түркіменнің Сүйінқара батырды тонады деген хабарын растайды. Оған хиуалықтардың да қатысып, барлығы 7000 қол болғанын, шабуылдың Хиуа үкіметінің еркімен жасалып, хиуалықтар мен адай қазақтары арасындағы мұндай талас-тартыс керуендердің еркін жүруіне кедергі келтіргенімен, орыс тұтқындары саудасын біраз азайтады және Сүйінқара, Қайыпқали, Жоламан секілді белгілі «қарақшыларды» шепке қарай көшуге мәжбүрлейді деген пікірін білдіреді [ОрОММ. 6-к., 10-т., 3027-іс, 14-п.].

Есболай ұрпақтарының ішінде Құлбарақ батыр туралы көптеген шежірешілер мен жазушылар қалам тербеді десе болады. Оның ерлігі аңыз боп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келді.

Хиуа жендеттері Құлбарақтың басын «Сүйінғара» деп ойлап, Аллақұл ханға апарып беріпті. Кесілген басты табаққа салып Аллақұлдың алдына қойған кезде Аллақұлға ол бас күліп жатқандай әсер етіпті. Хан басқа таң қала қарап:

– Бұл Сүйінғараның кәлләсі емес. Бірақ тегін кәллә емес. Мен білсем бұл біздің жиен – Құлбарақтың кәлләсі боп жүрмесін! – дейді.

Құлбарақ батыр шынында да түркімен Сүйін батырдың қызынан туған екен. Бұл туралы Ығылман Шөреков:

«Тілегі Құлбарақтың қабыл-ды жан,
Ерекше туған екен Табылдыдан
Қызынан түркіменнің туған екен

Әуелде келген алып шабындыдан» – деп жырлайды [15, 218 б.].

Хан Құлбарақтың басын батырға тән құрметпен, қастерлі жерге жерлеуге әмір береді. Құлбарақтың басын алған түркімен Назар деген батыр екен. Оған: «қылмысың үшін елден қуыласың» деген кезде Назар: «байқамай жиенімнің басын алдым. Маған енді тірі қалуға болмас» деп намыстанып өзін-өзі өлтіріпті дейді.

Қазақ тарихында, тіпті әлемдегі батырлар тарихында, екі жерде, екі мемлекетте ел сиынып түнейтін моласы бар баһадүр – жалғыз Құлбарақ батыр болса керек.

Сабыр Ғабдолкәрімұлы «Атырау» газетінде жариялаған мақаласында былай дейді:

«Есболайдың шөбересі Құлбарақ – Маңғыстауда түрікпен шапқыншылығына тойтарыс беруде өмірін сарп еткен тұлға, оның бассыз денесі Тигенде жерленген, Маңғыстаудың 362 әулиесінің бірі, ал кескілескен соғыста түрікпендер алып кеткен басы өзге елде, Хиуаның Ишан-қала аталатын бөлігінде, Пахлаван-Махмұд кесенесінің қасына жерленіп, «Бас әулие» атанған екен. Бұл екі жер – үлкен қасиетті орындар. Оларға халық зиярат қылып, құрбандық шалады [33].

Қамысбай Мырзағалиевтің «Құлбарақ батыр – әулие» атты кітабында: Хиуада адам мекендегеніне 2 мың жыл болды деген болжам бар. Ишан қаладағы атақты құрылыстардың бәрін бірдей атап шығу қиын. Махмұд мавзолейі өте ерекше. Мавзолейдің көгілдір күмбез бүйіріндегі жасанды бұлт бейнесі көк жүзінде қалқып бара жатқан табиғи бұлттарды елестетеді. Пахлаван Махмұд (1247-1326ж.) бүкіл Ишан қалада, Қоңырат әулетінің ханы болған. Бекініс ішінде оның шеберханасы болатын. Өлерінде сол орынға жерлеуді өсиет етеді. Осы мавзолейдің күнбатыс жиегінде Құлбарақ батырдың бас сүйегінің зираты бар. Ол орынды сол аймақтағы бүкіл мұсылман баласы табынып «Бас әулие» атаған, Құлбарақтың бейіті бар екенін жазады [10].

Құлбарақтан – Кебіс, Шабыс есімді ұл қалған. Мұрат ақын:

«Бұ беріштің ерлері,
Құлшар менен Кебісті,
Губернатар жандарал,
Әписер шенді орысқа,

Қылышын шешпей көрісті» – деген өлеңі асылдың сынығы да асыл болатынын жақсы аңғартып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер 2023 жылғы №6 санында



Әлия ерлігіне – 80 жыл



ТУШЕНОВА

**Бағдаш Абдижамиқызы
«Әлия» патриоттық тәрбие беру
облыстық орталығының директоры
Қобда ауд., Әлия ауылы, Ақтөбе обл.**

Аңдатпа

Мақалада қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың Ұлы Отан соғысы кезінде Ресей Федерациясы Новосокольники қаласын жаудан азат ету жолындағы жасаған ерлігіне және осы қаланың азат етілгеніне 80 жыл толғандығы туралы баяндалады.

Аннотация

В статье рассказывается о 80-летию подвига казахской героини Алии Молдагуловой во время Великой Отечественной войны на пути освобождения города Новосокольники РФ от врага и 80-летию освобождения этого города.

Кілт сөздері: Әлия Молдағұлова, майдан, ерлік, жау, мерген, жауынгер, шайқас.

Ол тым жас еді, ол өмірге, мынау жасампаз шаққа шын ғашық еді. Бірақ соғыс атты зұлматтың сол бір кезде соққан қара дауылы бейбіт даланы, қалалар мен ауыл аймақты астан - кестенің шығарып, баланың тәтті күлкісін, ананың тәтті ұйқысын бұзды. Күллі ер азамат, күллі халқымыз Ел бостандығы үшін қару асынып, қан майданға аттанды. Ел деп туған ерлер намысты қолдан берген жоқ. Біздің даңқты жерлесіміз, Шығыстың батыр да өжет қызы Әлия Молдағұлова осы бір қатерлі сында кек құрсанып, неміс басқыншыларына қарсы күресте ерліктің асқан үлгісін көрсетті.

Қайсар да қаһарман қыздың бүгінгі ұрпақ үлгі тұтар ерлігі жайында оның қарулас достарының естеліктері



Ортадағы Әлия (6 жаста)

бізді еріксіз қатты толғандырады. Ол - Әлияның 54-ші атқыштар бригадасының саяси бөлімінің бастығы, гвардия полковнигі Василий Иванович Ефимовтың Әлия үздік бітіріп шыққан мергендер мектебіне жолдаған хаты. Бұл хатты сөзбе сөз келтіреміз: «Қазақ халқының қызы Лия Молдағұлова (майдандас достары оны солай атаған) біздің бөлімге сіздердің мергендер мектебін бітірген соң келген еді. 1943 жылдың октябрінен бастап декабрь айының аяғына дейін біздің бөлім қорғаныста болды. Жап-жас Лия қажымай талмай, немістерді құртумен болды.

Ол өзінің мүлт кетпейтін оғымен аз уақыттың ішінде 32 фашистің көзін жойды...

Январьда біздің бөлім шабуылға шықты. Алдымызда жаудың күшті қорғанысын бұзып өтіп Новосокольники ауданын жаудан тазалау міндеті тұрды. 1944 жылдың 11 январында Лия жауынгерлік борышын өтеп жүрген атқыштар батальоны жау қорғанысын жарып өтті. Лия өзінің снайперлік винтовкасымен жауынгерлермен бір сапта, алғы шепте жүрді. Шабуыл басталғанда жаулар артиллериядан, минометтен, пулеметтен оқты қарша боратып, біздің жауынгерлерді тоқтатуға тырысты. Сол арпалысқан қиын сәтте қазақ халқының батыр қызы Лия:

- Алға! Отан үшін!..- деп алдымен ұран тастап, жауға ұмтылды. Батальон жаудың траншеясына ба-



Әлияның мергендер мектебінде түскен суреті

сып кірді. Винтовкадан мұлт жібермей дәл атып және гранаталар тастап, Лия сол шайқаста жаудың 10 солдаты мен бір офицерін жер жастандырды. Батальонның күшті соққысына шыдай алмаған жау жеңіліп, тірі қалғандары бекініс шебін тастай қашты.

Айрылып қалған өз шебін қайтару үшін жау үш рет жанталаса шабуылға шықты. Олар қалың шеп құрып, қаптай шабуылға шыққанда Лия қолына автомат алып, көздеп атып, немістің 28 солдаты мен офицерін жойды. Бірақ дұшпанның бірнеше солдаты мен офицері біздің траншеяға жетіп үлгерді. Қоян-қолтық шайқас басталды. Батыр қыздың оғынан дұшпанның сегіз солдаты жер жастанды. Бірақ Лия осы шайқаста өзіне неміс офицерінің ұрланып жақын келгенін аңғармай қалды. Фашист пистолетпен көздеп атып, Лияны ауыр жара лады. Бірақ бәрібір құтыла алмады. Лия бойындағы соңғы қайратын жинап, автоматын офицерге бұрып, шүріппені басты, қанқұйлы жауын жер жастандырды. Бұл Әлияның өлтірген ең соңғы немісі еді...

Жауынгерлердің сүйікті қызының қазасы бүкіл батальонға жылдам тарайды.

